



ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН
ЖАЗЫЛУ

www.aikyn.kz
e-mail: aikyn.kz.gazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

Қазақстан Республикасының Президенті
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ҚАЗАҚСТАН ЖАҢҒЫРУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІНЕ ҚАДАМ БАСТЫ

— Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, Сіз жыл сайын мерзімді баспасөзге ауқымды сұхбат беру арқылы белгілі бір саяси дәстүр қалыптастырдыңыз деуге болады. Осы орайда, «Turkistan» газетінің ұсынысын қабыл алғаныңыз үшін ризашылығымызды білдіреміз.

— «Turkistan» газеті 30 жылдан бері тұрақты шығып келеді. Бұл — Қазақстандағы ең ықпалды басылымның бірі. Газеттің атауында да өте үлкен мән-мағына бар. Басылым тілшілері ел ішіндегі өзекті мәселелермен қатар, тұтас түркі жұртына ортақ тақырыптарды да көтеріп жүреді. Бұл өте жақсы дәстүр деп санаймын.

Шетелде жұмыс істеп, түрлі салада табысқа жеткен қазақтар туралы мақалаларды қызығушылықпен оқимын. Қазақстан мен өздері тұрып жатқан елдер арасындағы ынтымақтастықты дамытуға үлес қосып жүрген осындай үш азаматты арнайы марапаттадым.

Газет-журналдар қайта өрлеу дәуірінің бастауында тұр. Себебі, әлеуметтік желі адамның ойлау (танымдық) қабілетіне зор зиян келтіріп жатыр. Жасы қырыққа жетсе де, білімі мен ой-өрісі он бес жастағы жасөспірімдер деңгейінде қалып қойған азаматтарды қазірдің өзінде кездестіруге болады.

Өз басым мерзімді баспасөзді жас кезімнен үзбей оқитыным рас. Әлі күнге дейін осы әдетімнен жаңылған емеспін. Қазіргі таңда баспасөз заман талабына бейімделіп, ақпарат айдынынан өз орнын тауып отыр. Газет тілшілері жан-жақты шолулар мен терең сараптамалар жасауға баса мән береді, ағартушылықпен айналысады. Кәсіби әрі өз ісіне адал журналистер сапалы материалдар әзірлеп, дәстүрлі құндылықтарды сақтауға елеулі үлес қосып келеді. Мен сүйікті Отанымыздың игілігі үшін барлық салада табысты еңбек етіп жүрген мықты азаматтар



туралы мәліметтерді көбінесе газеттерден аламын. Ел ішіне кең таралған TikTok, Instagram немесе Telegram арналары еңбек адамдарының шынайы тыныс-тіршілігінен алыс екенін өзіңіз де жақсы білетін шығарсыз.

Қоғамымыз елең етерлік жаңалық оқып, бейнежазба көрумен шектелмей, мән-мағынасы терең ақпараттың да қадірін білгені дұрыс деп санаймын. Көптеген жастарымыздың да дәл солай ойлайтынына қуанамын. Себебі, олар адамды тығырыққа тірейтін елескиәл әлемінде өмір сүруді емес, нағыз білім-ғылым жолына түсуді мақсат тұтады. Оқу мәдениеті жоғары елдер әрдайым жаһандық дамудың алғы шебінде бола беретіні сөзсіз. Бұған еш күмәнім жоқ.

— Сұхбатымыздың бас жағында әдеттегідей өткен жылдың қорытындысы туралы сұрағым келеді. Былтыр өте көп оқиға болғаны белгілі. Дегенмен, 2025 жылдың басты нәтижесі қандай деп ойлайсыз?

— Шынымен де, айтулы оқиғалар аз болған жоқ. Көзді ашып-жұмғанша бір жыл өте шықты, бұл сұрағыңызға табан астында жауап бере қою қиын. Мысалы, экономикамыз 6 пайыздан астам өсті. Ішкі жалпы өнім 300 миллиард доллар межесіне жетіп, жан басына шаққанда 15 мың доллардан асты. Бұл — елімізбен қатар, бүкіл өңір үшін рекордтық көрсеткіш. Жалпы, ойдағыдай жұмыс істелді деуге болады. Бірақ, мен барлық мемлекеттік қызметшілерге токмейілсіп, масайрап

отыруға мүлде болмайтынын үнемі айтамын. Шығыс халықтары «Тегіс жолдың өзінде тосқауыл бар» дейді. Біз тынымсыз еңбектеніп, тек алға ұмтылуымыз керек. Оның үстіне, түйіні таркатылмаған түйткілдер аз емес.

Бұл — ең алдымен, инфляция деңгейінің жоғары болуы. Соның салдарынан азаматтарымыздың әл-ауқатын арттыруға арналған еңбектің бәрі текке кетіп жатыр. Биыл Үкімет пен әкімдер мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық тұғырын нығайту үшін көп жұмыс істеуі керек.

Дей тұрғанмен, еліміздің реформаларды жүзеге асыруға біржола бет бұрғанын өткен жылдың басты қорытындысы деуге болады. Қазақстан жаңғыру жолында қарышты қадам

басып, барынша өркениетті ел бола бастады. Қоғамда өскелең ұрпақтың жарқын болашағы үшін түбегейлі өзгеріс жасау аса маңызды екені туралы нақты түсінік қалыптасты.

АҚШ президенті Трамптың «ақылға сыйымды ой» стратегиясының ықпалымен жаһандану үдерісі кейінге ысырыла бастады. Бізде Қазақстанда әділдік, заң мен тәртіп, еңбекқорлық сияқты мемлекетіміздің болашағы үшін айрықша маңызды қағидаттарға негізделген қоғам құрып жатырмыз. Ұзақ мерзімге арналған нәтижеге жету үшін бұл жұмыс жаңа жылда екі есе тың қарқынмен жалғасын табады.

— Былтыр жана Салық кодексі қызу талқыға түсті. Жұрттың көкейіне күдік-күмән ұялап, көптеген сауал туындады. Бір жағынан, қажетті экономикалық реформаларды жүргізуге мүмкіндік беретін, екінші жағынан, азаматтардың тұрмыс жағдайын төмендетіп жібермей, таразы басын тең ұстайтын тиімді жол бар ма?

— Әрине, салық реформасы — өзекті мәселе және бұған қатысты пікірталастардың болуы әбден түсінікті. Дегенмен, ел ішінде дүрбелең туғызып, жұртты дүрліктірудің ешқандай жөні жоқ. Мұндай реформа көптеген елде жүргізіліп жатыр. Мысалы, Ресейде қосымша құн салығы жуырда 22 пайызға дейін көтерілді.

Біздің реформамыз — қатардағы «фискалдық науқан» емес, салық жүйесін қайта құру деген сөз. Алдымызда тұрған басты міндет — экономиканың тұрақты өсімін қамтамасыз ету. Үкіметке ашық әрі ұғынықты Салық кодексін әзірлеу тапсырылды. Министрлер кабинетінің бұл тапсырманы қаншалықты табысты орындап шыққанын биыл көретін боламыз.

(Жалғасы 2-3-беттерде)



МАҚСАТ – ОРТАҚ, МҮДДЕ – БІР

Дамыған батыс елдерінің барлығы осы мәдениеттің арқасында бүгінгі деңгейге жетті. Салық төлеу әрбір азаматтың басты парызы болса, салықтан жалтару ең ауыр қоғамдық қылмыстардың бірі ретінде қабылдануы тиіс. Өйткені бұл – қоғамның ортақ қаржысын жасырып қалу деген сөз. Салық мәдениетінің мәні де осында. Ол – мемлекеттің институционалдық ішкі процестерін, әл-ауқатын ұстап тұрған негізгі тірек.

→ 9

МЕРЕЙЛІ КҮНДЕР МӘРТЕБЕСІ

2026 жыл Қазақстан мен әлем өркениетіне өлшеусіз үлес қосқан ұлы тұлғалардың, өнер мен ғылым, мемлекет және қоғам қайраткерлерінің айтулы мерейтойлары және өткен тарихи оқиғаларға мән беріп, бағалаудың маңызды кезеңі болмақ. Биыл, расында – мерейтойлар жылы. Олардың арасында ұлттың дамуына ерекше үлес қосқан қайраткерлеріміз де бар.

→ 11



АТОЙ САЛАР СӘТ АЛДА

Ойындарда 116 олимпиадалық және 79 паралимпиадалық медаль жиынтығы сарапқа салынады. Барлық классикалық қысқы спорт түрлері ұсынылады. Оларды атап өтсек: тау шаңғысы, шаңғы жарысы, биатлон, конькимен жүгіру, шорт-трек, мәнерлеп сырғанау, шайбалы хоккей, сноуборд, фристайл, бобслей, шана спорты. Бұл доданың тағы бір жаңалығы алғаш рет ски-альпинизм жарысы да бұл тізімнен орын тапты.

→ 12

ПРЕЗИДЕНТ

6 ҚАҢТАР 2026 | СЕЙСЕНБІ

(Басы 1-бетте)

Бұрынғы Үкімет қосымша құн салығын, тіпті, 20 пайызға дейін көтеруді ұсынды. Олар фискалдық саясатта қателік жіберілгенін ескере отырып, мұндай қадамның өте қажет екенін мойындады. Талқылау барысында қазіргі Үкімет те қосымша құн салығын 20 пайызға дейін көтеруді ұсынды. Алайда, мен Үкіметке оның жоғарғы шегін 4 сатыға төмендету туралы тапсырма бердім.

Жаңа Салық кодексінде бақылау жасауға емес, өзара серіктестік орнатуға баса мән беріледі, яғни, осы үдеріске қатысушылардың бәрі — мемлекет те, бизнес те, азаматтар да өз міндетін адал орындауға тиіс. Бірін-бірі өзара толықтырып тұратын мұндай жүйеде салық төлеу ауыртпалық ретінде қабылданбайтын болады. Түптеп келгенде, салық төлеу дегеніміз — заманауи қоғамдық келісімшарт деген сөз. Салық төлесеніз — қызмет көрсетіледі, инфрақұрылым салынады, қауіпсіз орта қалыптасады, тың мүмкіндіктер пайда болады. Керек десеніз, бұл — әділдік болу үшін жүктемені қайта бөлу құралы, әлеуметтік тұрғыдан әлсіздерді қолдау және экономикалық тұрғыдан «белсенді ортаны» одан әрі дамыту тәсілі.

Бүкіл әлемде фискалдық саясаттың тиімділігі оны жүргізудің сапасымен, жұрттың салық жөніндегі сауатымен және қоғамның сана-сезімімен өлшенеді. Салық төлеу мәдениеті дәл осылай қалыптасады. Салық төлеу бұрын міндет болса, енді отаншылдықтың озық үлгісіне айналады. Мұны сыбайлас жемқорлыққа қарсы қоғам құрудың төте жолы деуге болады. Себебі, салығын адал төлейтін азаматтар өз қаржысының алаяқтардың қалтасында кеткенін мүлдем ұнатпаса анық.

— **Экономикалық реформалар тауарлардың бағасы мен қызметтердің тарифіне салмақ салады. Жұрт бұған алаңдап отыр. Сіз Үкіметке осы мәселені шешуге арналған нақты шаралар жоспарын әзірлеуді тапсырдыңыз. Бұл жұмыс реформаның сапасы мен қарқынына әсер етпей ме? Азаматтарымыз әл-ауқатымызды жақсарттады деп күтіп жүрген реформаның нәтижесін жокқа шығармай ма?**

— Әлемдік тәжірибеге қарасак, реформалар қолға алынған кезде жұртшылық оны көп жағдайда түсінбей, қабылдамай жатады. Ондай кезде барлық жауапкершілікті аркалай алатын көшбасшының рөлі айрықша. Мен Мемлекет басшысы ретінде осындай жауапкершілікті өз мойныма аламын. Болашақта да бұған дайынмын. Менімен бірге жұмыс істеп жатқан азаматтар мұны жақсы біледі. Әрине, бұл кедергісі көп, қиын жол екенін түсінемін. Тарихта реформаторлардан гөрі басқыншылар мен популистердің аты көбірек қалып жатады. Бірақ, Қазақстан үшін басқа жол жоқ. Біз бір жерде тоқтап қалмай, алға қарай нық қадам басу үшін реформаларды қалайда жүзеге асыруымыз керек.

Азаматтарымызға зияны тимеуі үшін қыс мезгілінде тарифтерді өсіру әкімшілік тәсілдер арқылы уақытша тоқтатылды. Сонымен бірге, Үкіметке бюджет қаржысын барынша тиімді пайдалану міндеті жүктелді. Экономикаға ақшаны орынсыз құя беруге болмайды, бұл инфляцияны күшейтіп жібереді. Қатан бюджеттік тәртіп керек. Қаржы ресурстары мемлекетке қажетті жобаларға ғана жұмсалуға тиіс. Былтыр қараша айында Үкімет, Ұлттық банк, Қаржы нарығын реттеу және даму агенттігі бірлесіп, үш жылдық бағдарлама қабылдады. Құжат азаматтардың әл-ауқатын жақсарту үшін инфляцияны төмендетуге арналған.

Халықаралық сарапшылар Қазақстанның «орташа табыстар қақпанына» түсіп қалғанын дұрыс байқап отыр. Ашығын айтайын, бұл — экономика туралы оқулықтан алынған жалпылама ұғым емес, құн сайын көптеген азаматымыздың басынан өтіп жатқан өмір шындығы. Жұрт табыс тауып жатыр, тіпті, жақсы табыс табатындар да бар. Бірақ, оның бәрін инфляция жеп қояды немесе ипотека төлеу, балаларды оқыту, ата-анаға көмектесу сияқты күнделікті тірлікке жұмсалып, жок болып кетеді. Ауырып қалу немесе жұмыстан айырылу секілді кез келген көлденең кедергі тұрмыстағы тұрақтылықты бұзып жіберуі мүмкін.

Мен кезінде баспана алу, балалардың оқу ақысын төлеу, емделу үшін

зейнетақы жинағын пайдалануға рұқсат беру туралы шешім қабылдадым. Көбісі солай жасады, бұл шешімге ризашылықтарын да білдіріп жатты. Бірақ, әдеттегідей, стоматология қызметін көрсетеміз деген желеумен зейнетақы қорынан 200 миллиард теңгеден астам қаржы жымқырған алаяқтар да табылды. Құқық қорғау органдары қазір бұл мәселемен айналысып жатыр. Осы медициналық қызмет түріне зейнетақы жинағын пайдалануға тыйым салуға тура келді. Бірақ, басқа да қитұрқы тәсілдер пайда болды, тіпті, пластикалық отаға төлем жасайтындар бар.

Ал, бизнес өкілдеріне келер болсақ, олар жұмыс орындарын ашып, салықтарын адал төлейді. Алайда, несие өсімінің жоғары болуы, айналымдағы қаражаттың аздығы олардың кең ауқымда дамуына, жаңа нарықтарға шығуына, заманауи технологияларды енгізуіне мүмкіндік бермей тұр.

Экономиканың құрылымы өзгеріп жатыр. Дегенмен, менінше, өзгеріс қарқыны баяу. Халықаралық қаржы институттары мен рейтинг агенттіктерінің бағалауынша, елімізді бақытты, тіпті, бай мемлекет деп атауға болады. Бұл сөздің жаны бар. Соған қарамастан, экономикамызда теңсіздіктер әлі де сақталып отыр. Оның бәрін шұғыл реттеп, түзу жолға салуымыз керек. Біз бұл жағдайды білеміз, оны жұрттан жасыратын ойымыз жоқ. Мұндай қиындықты көптеген мемлекет басынан өткеріп жатыр. Біз «өсім ауруы» мәселесін міндетті түрде шешеміз. Нақты жоспарымыз бар.

— **Қазақстан былтыр энергетикалық және коммуналдық секторда реформа жасауға кірісті. Бұл — Тәуелсіздік жылдарындағы ең ауқымды реформа. Осы бағыттағы жұмыстар әбден тозған инфрақұрылымды жаңғырту мәселесін шеше ала ма?**

— Шынымен де, Үкімет энергетикалық және коммуналдық нысандарды жаппай жаңғырту жұмыстарын қолға алды. Ұзындығы жүздеген шақырым болатын инженерлік желілер мен электр қуатын тарататын желілер салуымыз керек. Бүгінгі таңда осы ауқымды жобаның есеп-қисабы әзірленіп жатыр.

Қазірдің өзінде қауіпті «қызыл» аймақта тұрған жылу электр станцияларының саны 19-дан 10-ға дейін азайды. Қабылданған шаралардың нәтижесі көріне бастады. Нысандардың апаттық жағдайға тап болу қаупі сейіліп келеді.

Дегенмен, әбден тозып, әупіріммен әрең тұрған инфрақұрылымды қалпына келтіру жеткіліксіз, жұмыс тәсілін өзгерту керек. Сондықтан, жаңғырту шаралары ең басты міндетті шешуге тиіс, яғни, салаға инвестиция салу үшін қолайлы жағдай жасап, нағыз нарықтық тетіктер қалыптастыруы қажет.

Үкіметтің шұғыл шаралары мәселенің түпкі мәнінен туындап отыр. Себебі, энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы кез келген мемлекеттің өмір сүруіне аса қажетті тұғыр саналады. Бұл негіз шайқалса, басқасы түгел күйрейді.

Тамыры тереңге кеткен экономикалық мәселелерге ондаған жылдар бойы назар аударылған жоқ. Қалалар мен ауылдардағы инфрақұрылым тозды, энергетика нысандары мен коммуналдық желілер әбден ескірді.

Қордаланған түйткілдер күрмеуі қиын күрделі мәселеге ұласты. Бұл сала жыртқық-тесігін жанталаса жамап-жасқап, бюджет қаржысын үздіксіз құюға тура келетін «коммуналдық аждаһаға» айналды. Бұған жұрттың еті үйреніп, азаматтар шарасыз күйге түсті.

Соған қарамастан, біздің үкіметтеріміз «авгийдің атқорасын» тазалауға асыққан жоқ. Себебі, мұндай күрделі жұмыс ешкімге жақсы атак әкелмес еді. Ең дамыған отыз мемлекеттің қатарына қосылу сияқты «керемет» бағдарламалар әзірлеп, оның «табысты» орындалғаны туралы баяндау әлдеқайда жеңіл болатын. Шындықты жасырып, бірсәттік алдамшы жетістіктерге ұмтылу ақырында мемлекетіміз үшін тым қымбатқа түсті.

Шынымды айтайын, жеке абыройымды ойласам, мен де бұл жұмысты келесі басшылыққа ысыра салар едім. Бірақ, халықтың көзі үйренген таптаурын түсініктерге қайшы келсе де, мен үшін қағаз жүзінде емес, іс жүзінде нақты нәтижеге қол жеткізу бәрінен де маңызды.

Электр қуатының арзандығы кімге тиімді болды? Табысы шамалы көп

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ҚАЗАҚСТАН ЖАҢА КЕЗЕҢІНЕ



балалы отбасыларға емес, ірі кәсіпорындарға өте тиімді болды.

Арзан жанар-жағармайдың қызығын кім көрді? Әдетте қоғамдық көлікпен жүретін студенттер мен зейнеткерлер емес, билікке жақын жүретін, қазір жұрт олигархтар немесе олигополия деп атайтын кәсіпкерлер көрді.

Коммуналдық қызметтердің тарифін төмен ұстап тұру кімге ыңғайлы болды? Әр түбіртектегі соманы уақытылы төлеп отырған адал азаматтарға емес, «коммуналдық былық-шылықты» пайдаланып, қалтасын қалыңдатқан делдал-кәсіпкерлерге қолайлы болды.

Посткенеістік кеңістіктегі ең төмен бағалар мен тарифтер Қазақстанға тиесілі. Соның салдарынан, біз амансыздан арзан жанар-жағармайды көрші мемлекеттерге астыртын тасымалдайтын, сол арқылы олардың экономикасына демеу көрсететін елге айналдық.



Сол себепті, тарифтің төмен болуы қарапайым тірлік кешіп жатқан адамдарға пайдалы деген жалған сенімнен арылатын уақыт жетті. Іс жүзінде бұл — ауқатты азаматтарға жасырын түрде берілетін субсидия.

Әлеуметтік әділдікті қалпына келтіру үшін, ең алдымен, мәселені шешу жолдарын өзгерту қажет. Мемлекет көмекке шын мұқтаж адамдарға ғана тікелей, атаулы өтемақы төлеу арқылы қолдау көрсетуге міндетті. Сондықтан, тарифтерді көтеру — ақылға қонымды, яғни тиімді және әділ экономика құру үшін аса қажет қадам. Кім қанша тұтына, сонша төлейді, қолдауға шынымен зәру адамдарға ғана көмек беріледі. Тарифтер әділетті болуы керек, яғни «неғұрлым көп тұтынған, соғұрлым көп төлейді» деген қағидат берік орнығуға тиіс. Мен осындай нақты міндет қойып отырмын. Алғашқы он нәтижелер бар. Төлем жүйесіне сараланған тәсіл енгізілді. Суды және электр қуатын барынша үнемдеп пайдаланатын тұрғындар «тұтынудың әлеуметтік нормасына» сәйкес төлем

ді ең төмен тарифпен төлейтін болды.

Бұл қадам бұрынғы жүйеден бас тартып, әлеуметтік игіліктерді әділ бөлетін жүйе құруға мүмкіндік береді. Елдің ресурстарын тандаулы адамдар емес, барша жұрт бірдей пайдалануға тиіс. Сонда ғана заманға сай инфрақұрылым мен тиімді энергетика жүйесін қалыптастыра аламыз. Осылайша, экономиканың сапалық тұрғыдан өсуіне зор серпін береміз.

— **Сіз Қазақстан үшін көлік және логистика саласының маңызы артып келе жатқанын жиі айтасыз. Бұл бағыттағы жұмысты негізгі басымдық ретінде белгілеп бердіңіз. Осы саланы дамыту үшін қандай шаралар қабылданды және алда қандай жоспарлар бар?**

— Еліміз үшін көлік-логистика саласының әлеуетін арттыру — стратегиялық маңызы бар міндет. Теңізге тікелей шығатын жолы болмаса да, Қазақстан Еуразия құрлығының кіндік тұсында, яғни негізгі транзиттік

Біз ел шекарасынан тыс жерді де қамтитын кең ауқымды көлік жүйесін құра алдық. Қазақстан мұхит жолдарынан тысқары тұрса да, Сары теңіз бен Қара теңіздің арасында жүк терминалдарының желісін қалыптастырды. Еліміздің аумағы арқылы өтетін 12 халықаралық көлік дәлізі, атап айтқанда, 5 теміржол, 7 автокөлік дәлізі бар. Қытай мен Еуропа арасында құрлықпен жеткізілетін жүктің шамамен 85 пайызы осы жолдармен тасымалданады.

Әрине, мұның бәрі — табысқа ойнай жете қоямыз деген сөз емес. Бұл саладағы бәсеке күшейіп келеді. Себебі көлік және логистика мәселесі геосаясаттың ажырамас бөлігіне айналды. Осы тақырып жоғары деңгейдегі келіссөздердің күн тәртібіне біржола енді. Сондықтан, Қазақстан үшін де оның айрықша маңызы бар.

Еліміз Қытайдың «Бір белдеу — бір жол» атты мегажобасын, «Солтүстік — Оңтүстік» дәлізін және Транскаспий көлік бағытын, яғни, «Орта дәлізді» дамытуға белсене атсалысып келеді. «Ресей — Қазақстан — Түрікменстан — Иран» бағытымен теңіз айлақтарына шығып, жүк тасымалдаудың болашағы зор деп санаймыз. «Орта дәліздің» жұмысына Қытайдың қосылуын құптаймыз.

Жалпы, бұл саланың әлеуеті өте жоғары. Мұнда тек инфрақұрылым туралы сөз болып отырған жоқ. Экономиканың барлық дерлік секторы осы іргелі салаға келіп тоғысады. Сондықтан, Үкіметтің алдына заманауи инженерлік және сервистік инфрақұрылымы бар көлік-логистика логистикаларын салу, теңіз порттарын, әуежайлар мен теміржол вокзалдарын жаңғыртып жөндеу, сондай-ақ тиімді цифрлық экожүйе қалыптастыру міндеті қойылды.



— **Мемлекет кейінгі жылдары ауыл шаруашылығын дамытуға баса мән беріп отыр. Бұл шаруамен үкіметтердің бәрі айналысты. Бірақ, осы аса маңызды саладағы түйткілдер ақыры шешімін тапқан жоқ. Әр министр өз бағдарламасын жүзеге асырмақ болды. Соның салдарынан қыруар ақша құмға сіңіп жоқ болды. Енді біз еліміздің бұл саладағы әлеуетін ойдағыдай пайдалана аламыз ба?**

— Мемлекеттердің көбі ауыл шаруашылығына бюджеттен қыруар қаржы бөледі. Солардың қатарында Қазақстан да бар. Шаруаларға 2024 жылы 580 миллиард теңге, былтыр 1 триллион теңге жеңілдетілген несие берілді. Бұл — өте қомақты қаржы. Соңғы он жылда шаруаларға көрсетілген қолдаудың көлемі 10 есе артты, бірақ оның тиімділігі күмән тудырады. 2015-2024 жылдары ауыл шаруашылығындағы жалпы өнім көлемі 2,5 еседен астам өсті. Бұл көрсеткішті одан да көбейтуге болар еді.

Ессесіне, егін шаруашылығындағы нәтижелер өте жақсы болды. Астық

ПРЕЗИДЕНТ

ЖАҢҒЫРУДЫҢ
ҚАДАМ БАСТЫ

пен үн экспорты рекордтық деңгейге жетті, өнім жеткізілетін елдердің географиясы кеңейе түсті. Бұл — егінінн шығымдылығы мен ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыруға арналған шаралардың нақты нәтижесі.

Енді басқа бағыттардағы жұмысты күшейту қажет. Ең алдымен, мал шаруашылығын дамыту керек. 2035 жылға қарай әлемде мал етін тұтыну көлемі 233 миллион тоннаға дейін өседі. Соған сәйкес, оның импорты 27 миллион тоннаға дейін артады. Қазақстанның, сыртқа, әсіресе, Азия елдеріне ет шығаратын ірі экспорттаушыға айналатын мүмкіндігі бар. Сондықтан, былтыр қарашада өткен Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің екінші форумы дәл осы мал шаруашылығы саласына арналды.

Билік ауыл шаруашылығын сапалық тұрғыдан дамыту үшін көп жұмыс істеп жатыр. Бірақ, қомақты инвестиция құю қалаған нәтижеге жеткізе бермейді. Оның тиімді жұмсалуына баса назар аудару керек. Мен бұл туралы жуырда Таразға барған сапарымда айттым.

Іргелес елдердің бірде-біреуінде ауыл шаруашылығына мемлекет тарапынан мұндай ауқымды көмек көрсетілмейді. Ол жақтағы шаруалар Қазақстандағы әріптестеріне жақсы жағдай жасалғанына таңғалып, оларды «аграрлық олигархтар» деп атай бастады. Дегенмен, еліміздегі шағын шаруашылықтар жеткілікті көлемде субсидия ала алмай отыр. Үкіметке осы мәселеге айрықша назар аудару туралы тапсырма берілді.

Әлбетте, субсидиялар керек. Әсіресе, қазіргі кезеңде өте қажет. Бірақ, мұның кері әсері де бар. Себебі, масылдық пиғыл туғызып, ауыл шаруашылығына қауіп төндіруі мүмкін. Сондықтан, қазір Үкімет кооперативтерге, яғни шаруалар бірлестігін құруға қайта оралу мәселесін қарастырып жатыр. Кооперативтер еңбек өнімділігін және ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыра алады. Сондай-ақ, дайын өнімді сататын нарықтарға жақын болуға, тұтынушылармен ұзақ мерзімге арналған қарым-қатынас орнатуға жол ашады.

Дамыған елдердегі кооперация жақсы қырынан көрінді. Тіпті, ірі корпорация деңгейіне жеткен бірлестіктер бар. Қазақстанның барлық ауылында табысты кооперация құруға негіз болатын алғышарттар жеткілікті. Шаруалар жазда малын бағып, сүт, ет, тері, жүн жинап, оны өңдеу үшін күш біріктіре алады. Солай етуге тиіс те. Күн-көрістен өсіп-өркендеуге бастайтын жол — осы. Кооперацияны бірлік пен жасампаздық идеологиясы деп те қарастырған дұрыс.

Бірақ, кооперация өзінен-өзі пайда бола салмайды. Ел ішінде егжей-тегжейлі түсіндіру және ұйымдастыру жұмыстарын қолға алу қажет. Алайда, бірлестік құру ісін науқанға айналдырып, жұртқа қысым көрсетуге, оларды мәжбүрлеуге жол берілмейді.

— **Жиі талқыланатын тақырыптың бірі — туризм. Былтыр әлемдік деңгейдегі кейбір ақпарат құралдары Қазақстанды саяхат жасауға ең лайық елдердің қатарына қосты. Дегенмен, еліміздегі курорттар мен танымал туристік орындардың жаппай қонақ күтуге дайындығына күмән жоқ емес.**

— Мұндай күмәннің туындауы заңды. Мен Үкіметке ескерту жасағаннан кейін туризмді дамыту жұмыстары жандана түсті. Алайда, алдымызда ұзақ та күрделі жол тұр. Бұл — экономика, мәдениет, қауіпсіздік және бизнес — барлығы бір жерге тоғысатын күрделі сала. Мұнда өз жұмысына жан-тәнімен берілген кәсіби мамандар, ең бастысы, нағыз отаншыл азаматтар жұмыс істеуі керек. Туризм саласында жалқаулық пен немқұрай-



лылыққа, ашкөздік пен дөрекілікке жол жоқ.

Былтыр Қазақстанға миллиондаған шетел азаматы келді. Ішкі туризм қарқынды дами бастады. Мұның бәрі — өте жақсы үрдіс.

Әлем елдері туристерді тарту үшін жеке инвесторларға қолайлы жағдай жасап отыр. Біздің елде көрікті жерлер өте көп. Қазір экотуризмге деген сұраныс жоғары. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстанға тең келетін ел жоқ секілді көрінеді. Алайда, белгілі бір себептерге байланысты, соның ішінде жауапты тұлғалардың біліксіздігі мен немқұрайлығының кесірінен туризмнің болашағы зор осы бір саласы әлі күнге дейін кенже қалып отыр. Әзірге таныстыру, яғни презентация жұмыстарынан әрі аса алмай жатырмыз.

Туризмнің дамуына тұмса табиғатты қорғау деген желеумен кез келген жобаға қарсы науқан ұйымдастыратын кейбір «экобелсенділер» зиян келтіріп отыр. Көпшілігінің табиғатта шаруасы да жоқ. Олар өзінің танымалдығын арттыру үшін қоғамды дүрліктіруді, қазіргі тілмен айтқанда, «хайп» жасауды ғана көздейді. Туризм бизнесінде әбден әккі болған, бәсекелестердің шыққанын қаламайтын кәсіпкерлер кейде олардың қолтығына су бүркіп отырады.

Тау шаңғысы туризміне қатысты жағдай да осыған ұқсас. «Шымбұлақ» Алматы қаласының орталығынан небәрі жарты сағаттық жердегі ерекше табиғаттың ортасында тұр. Әлемде оған тең келетін демалыс орны кемдекем. Алайда, көптен бері ештеңе жасалмаған курорттың сыны да, сыры да кетіп, тозып барады. Табиғаттың тамаша тартуы саналатын осы көрікті мекенді дамыту үшін тың тәсілдер қажет. Қазір еліміздегі тәжірибелі девелоперлік компания іске кірісті. Бірақ, Үкімет пен әкімдіктің қолдауына қарамастан, жұмыс барысы дайындық және таныстыру шараларынан аса қойған жоқ. Ал, көрші елдерде тау шаңғысы инфрақұрылымы қарқынды салынып жатыр.

Алматы тау кластерінің әлеуеті өте зор. Бұл салада ауқатты адамдарға да, орташа табысы бар азаматтарға да бірдей қызмет көрсетілуге тиіс. Сондықтан, ондағы туристік инфрақұрылымды әртараптандыру мәселесіне назар аудару қажет.

Туризм саласындағы кадр тапшылығы — өте өзекті мәселе. Сондықтан, Түркістанда Халықаралық туризм және меймандостық университеті ашылды. 2024 жылы оқу ордасының алғашқы түлектері дипломдарын алып, еңбек нарығына қосылды.

Алайда, бұл — жеткіліксіз. Кадр мәселесін шешу үшін қосымша шаралар қабылданады.

Дегенмен, салымыз суға кетіп, еңсемізді түсіріп отыруға да болмайды. Әлемдік деңгейдегі таблоидтар саяхатшыларға Қазақстанда демалуды ұсынып жатса, екі есе қарқынмен жұмыс істеуіміз керек. CNN Travel 2025 жылы Алматыны Орталық Азиядағы «сәні мен салтанаты жарасқан жана астана» деп атады. Алматы әкіміне шаһарды күндіз-түні қонағы үзілмейтін Нью-Йорк, Мәскеу, Париж сияқты «ешқашан көз ілмейтін қалаға» айналдыру тапсырылды. Қалада инфрақұрылымды жақсарту, абаттандыру, жарықтандыру бағытында әлі де көп жұмыс істелуі керек.

— **Жасанды интеллектінің дамуы туралы сұрағым келеді. Сіз халыққа Жолдауыңызда Қазақстанды үш жылдың ішінде цифрлық елге айналдыру қажет деген нақты міндет жүктелді. Ал, жана жылға арналған құттықтау сөзіңізде 2026 жылды Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жарияладыңыз. Көздеген мақсатқа жету үшін не істеледі? Бастаманыздың шын мәнінде табысты боларына сенесіз бе?**

— Қазақстан цифрлық державаға айналуы керек. Бұл — қазіргі жаңа технология дәуірінде өркеніетті ел болып қалудың бірден-бір жолы. Халқымыздың ой-санасы мұндай инновацияларға дайын екеніне сенімдімін. Оның үстіне, Қазақстанда азаматтарымыздың өмір салтын едәуір өзгерткен танымал финтех компаниялар табысты жұмыс істеп жатыр.

Технология саласындағы нағыз әлемдік алпауыттар — АҚШ пен Қытай арасындағы бәсеке қыза түсті. Америка басшысы АҚШ-тың үстемдігін нығайту үшін арнайы бағдарлама жүзеге асырыла бастағанын мәлімдеді. Қытайдың да шегінетін ойы жоқ, олар мұны ұлттың абырой-беделіне қатысты мәселе деп санайды. Қазірдің өзінде Қытайда жасанды интеллект мәселесімен айналысатын бес мыңға жуық компания жұмыс істеп жатыр. Басқа дамыған мемлекеттер де қамсыз отырған жоқ.

Қазақстан да экономика мен қоғамдық өмірге жасанды интеллектті енгізуге басымдық беріп жатыр. Еліміздің бұл жұмысқа қатысты бастапқы мүмкіндіктері жаман емес. Мемлекет көрсететін қызметтерді, қаржы технологияларын, экономиканың бірқатар секторын цифрландыру ісінде нақты жетістіктеріміз бар. IT-старттаптарды қолдайтын толыққанды экожүйе тиімді жұмыс істеп тұр. Екі мың компанияның басын қосқан Astana Hub

инновациялық кластері де бар. 2025 жылы IT-қызметтердің жалпы экспорты бір миллиард долларға жуықтады. Цифрлық активтерге арналған CryptoCity пилоттық аймағы құрылып жатыр. Жедел дамитын Alatau city қаласының құрылысы басталды. Мемлекеттік деректерді жинау және талдау жұмысының қарқыны күшейіп келеді. Кәсіби мамандар мұндай деректерді алдағы дәуірдің жаңа алтыны деп санайды.

Былтыр мамыр айында Жасанды интеллектіні дамыту жөніндегі кеңес жұмысын бастады. Оған шетелдің және еліміздің беделді сарапшылары шақырылды. Қарашада «Жасанды интеллект туралы» заңға қол қойылды,



жана заң жақында күшіне енеді. Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі құрылды. Alem.Cloud және AI-Farabium деп аталатын екі суперкомпьютер іске қосылды, Астана әкімдігі Біріккен Араб Әмірліктерінің танымал компаниясымен бірлесіп, дербес платформа құрды.

Кәсіби кадрларды даярлау үшін мектептер мен университеттерде тиісті білім беру бағдарламалары жүзеге асырылып жатыр. Мәселен, 650 мыңнан астам студент AI-Sana бағдарламасы аясында білім алды. Көп ұзамай Жасанды интеллект мамандандырылған зерттеу университеті ашылады.

Жасанды интеллект пайда болғаннан бері болашақтың кемесіне мініп үлгеретін елдер мен ескі заманда қалып қоятын елдердің арасы алшақтай бастады. Сондықтан, мен цифрлық технологиялар мен жасанды интеллекттің Қазақстанның даму жолындағы басым бағыт деп жарияладым. Биыл өте көп шаруа атқарылады. Осы айрықша маңызды жұмыстың табысты боларына сенемін.

— **Сіздің стратегиялық жоспарларыңыздағы ядролық энергетиканың орны қандай?**

— Сенімді энергия көзі болмаса, Қазақстан экономиканың жаңа технологиялық үлгісіне көше алмайтын түсінуіміз керек. Суперкомпьютерлерге, дата-орталықтар мен автоматтандырылған өндіріс кешендеріне өте көп энергия қажет. Бұл — жаңа жаһандық технологиялық құрылыстың басты талабы.

Қуат көздерін салу үшін білікті мамандар керек. Капитал қоры шамамен 4,5 триллион доллар болатын әлемдегі ең ірі компания — NVIDIA-ның басыншысы жақында «көк жағалылар», яғни техникалық мамандық иелері мультимиллионерлер қатарына қосылады деп болжам жасады.

Бірнеше атом станциясын салу — біріншіден, тарихи олқылықтың орнын толтыру деген сөз. Себебі, уран өндірісі бойынша әлемде көш бастап тұрған елдің бірде-бір атом электр станциясын салмауы мүлдем ақылға қонбайды. Екіншіден, бұл қадам Қазақстанның абырой-беделін нығайта түседі. Біз атом станцияларын салу арқылы техникалық интеллигенцияның жаңа буынын қалыптастырамыз. Тиісінше, мемлекеттік саясаттың түпкі мәнін өзгертеміз. Осыны қаперден шығармаған жөн.

Тағы бір өте маңызды тақырып — жер қойнауында сирек кездесетін металдар. Болашақта ондай материалдарға деген сұраныс арта береді, алдағы бес жылдың өзінде бұл сұраныс екі

есе өседі. Осы ретте, Қазақстан үшін тағы бір мүмкіндік ашылады. Еліміз жер қойнауында сирек кездесетін минералдар қоры бойынша әлемдік көшбасшылар қатарына қосылуы әбден мүмкін. Қазақстан стратегиялық маңызы бар осы саладағы өз рөлін күшейту үшін АҚШ, Қытай, Ресей, Оңтүстік Корея, Жапония елдерімен және Еуропа Одағының бірқатар мемлекетімен ынтымақтастығын дамыта бастады.

— **Тағы бір тақырыпқа ойыссақ. Жұртты бұрыннан толғандырып жүрген мәселелер бар. Мысалы, кейбір ірі бизнес өкілдерінің өмірі сән-салтанатқа толы. Олар қалталы азаматтардың да, қарапайым адамдардың да қамын ойлап өмір сүруді қашан үйренеді?**

— Бизнес — кез келген елдегі экономиканың негізгі тірегі. Біз ұзақ жолды жүріп өттік. Осы жолда жұрт жекеменшік институтына ешкім қол сұқпауға тиіс екенін түсіне бастады.

Мен мемлекеттік билік жүйесінде жоғары лауазымды қызметтерді атқара жүріп, сөзбен де, іспен де ұлттық буржуазияның заңды мүддесін қорғауға тырыстым. Себебі, экономиканы өркендету және мемлекеттің қоғамдық негіздерін нығайту ісінде кәсіпкерлер елеулі рөл атқаратынын жақсы түсінемін.

Тарихи себептер мен ұлт болмысындағы ерекшеліктерге байланысты ірі бизнесмендеріміз қарапайымдылық, ұстамдылық сияқты қасиеттерге мән бере қоймайтыны рас.

Мен Швейцарияда жұмыс істеп жүргенде аса ірі әрі белгілі кәсіпкерлермен кездесулер өткіздім. Сол кезде олардың өз қаражатын өте үнемдеп жұмсайтынын және елден дараланып көзге түскісі келмейтінін көріп, таңғалдым. Миллиардтаған қаржысы бар адамдар қонақүйдің қарапайым бір бөлмесінде тұруға намыстанбайды. Жеке ұшақпен ұшпақ түгілі, бірінші санаттағы орындарға да отырмайды. Бірақ, бұл — олардың бойында ғасырлар бойы қалыптасқан дағды.

Ал, біздің кәсіпкерлеріміз үшін қалыптасуы көрінетін өмір салты кейде қоғамның наразылығын тудырып жатады. Мұндай жағдай көптеген елде бар. Сол үшін де қайырымдылық қызметі жұмыс істейді. Бұл — қоғам мен бизнес арасындағы өзара келісім іспеттес.

— **Сіз Республика күні қарсаңында өткен азаматтар мемлекеттік наградалармен марапаттау рәсімінің кейін кәсіпкерлермен жеке кездесіп, оларға наразылығыңызды ашық айттыңыз деп естідік. Құпия болмаса, әңгіме не туралы болды?**

— Жаңа ғана сөз болған қайырымдылық туралы, отаншылдықты жасампаз іспен көрсету жөнінде сөйлестік. Бізге халық алдындағы жауапкершілігін жақсы білетін әрі соны терең түсінетін ұлттық буржуазия керек.

Себебі, халық болмаса, олар ешқашан табысқа жете алмас еді. Мен қоғамның игілігіне қызмет ету билік жүктеген міндет емес, мәртебелі парыз екенін тағы да олардың есіне салдым. Осы орайда, шетелде табысқа жетсе де, туған жерін ұмытпай, халқына көмектесіп жүрген ірі кәсіпкерлерді жақсы үлгі ретінде атап өттім. Ондай азаматтар ауқымды жобаларды жүзеге асырып жүр. Қалаларда инфрақұрылым салып, жөндеп, мұражайлардың, емханалар мен мектептердің құрылысын қаржыландырып жатыр.

Қазақстанда көп нәрсе өзгерді. Қоғамдық сана жаңғыра түсті, мемлекеттік басқару жүйесі жанарды, саяси қайраткерлер ауысты. Ірі кәсіпкерлер ғана жүрісінен жанылмай, бәз-баяғы қалпында келе жатыр. Бірақ, бұл, бір жағынан, биліктің бизнеске көзқарасы дұрыс екенін көрсетеді.

Кәсіпкерлердің бәрі бірдей мемлекеттің қолдауын дұрыс түсіне бермейді, әрдайым солай болуға тиіс деп қабилдады.

Олар ауқымды жобаларды бастап алып, қит етсе Үкіметтен көмек сұрайды. Мен оларға «бизнеспен айналысып жатқан сіздер ме, әлде Үкімет пе?» деп сұрақ қойдым.

Қитұрқы саяси ойындармен әуестеніп кеткен кейбір кәсіпкерлерді сынауға тура келді. Бизнесмендер ел экономикасын өркендету үшін жұмыс істеуі керек. Тіпті, кәсіптің жілігін шағып, майын ішкен Илон Масктің өзі саясатқа белсенді араласпау туралы шешім қабылдады.

(Жалғасы 4-5-беттерде)

6 ҚАҢТАР 2026 | СЕЙСЕНБІ

(Басы 2-3-беттерде)

Отандық бизнес өкілдері тарихымызда бұрын-соңды болмаған алапат тасқын кезінде елдік істен шет қалған жоқ, апат салдарын жоюға қаржылай көмек көрсетті. Бұл — қуанарлық жағдай.

Мен қайырымдылықпен айналысып жүрген азаматтарды қолдау үшін арнайы «Мейірім» орденін енгіздім. Елге жанашырлық көрсетіп, әлеуметтік жауапкершілік танытқан кәсіпкерлер биылдан бастап осы жоғары нағрадаға ие болады. Осылайша, олардың қоғам алдындағы абырой-беделі мен мәртебесі айкындалады.

— Тағы бір өзекті тақырып. Қантар оқиғасына қатысқан бірқатар азаматқа байланысты сот процесі туралы ақпарат БАҚ беттерінде былтыр ара-тұра жарияланып тұрды. Тергеу амалдары әлі жүріп жатыр ма?

— Бұл тақырыпқа қатысты негізгі мән-жайдың бәрі әлдеқашан белгілі болды. Сол оқиғалар бойынша тергеу жүргізу кезінде құқық қорғау органдары азаматтық қоғам өкілдерімен тығыз байланыста жұмыс істеді. Бірқатар қоғамдық комиссия құрылып, оған белгілі заңгерлер жетекшілік етті. Мұндай қадам жұмыстың бейтарап ұстаныммен жүргізілуіне, сол арқылы барлық оқиғаның ақ-қарасын анықтауға мүмкіндік берді. Осы орайда, азаматтық жауапкершілік танытып, кәсіби біліктілігін көрсеткені үшін оларға ризашылығымды білдіргім келеді.

2022 жылдың наурыз айында Парламентте арнайы қоғамдық тыңдау өтіп, бұл оқиғаға және еліміздің конституциялық құрылымын бұзбақ болған қылмыскерлердің әрекетіне егжей-тегжейлі баға берілді.

Иә, кейбір сот процестері, сондай-ақ, қантарда ұрланған көптеген қаруды іздестіру жұмыстары әлі жалғасып жатыр. Сол күндері қылмыскерлер үш мыңнан астам қару-жарақты иемденіп кеткен еді. Бірақ күштік құрылымдардың арқасында қару-жарақ жасырылған қоймалардың көбі табылды.

Қантар оқиғасын талқылайтындар көбінесе сол кездегі дағдарыстың түпкі мөнін түсінуге еш пайдасы жоқ дүниелерді қазбалап кетеді. Сол үшін оларды кінәлауға да болмас. Дегенмен, ақиқат жолында ешқашан қызбалыққа салынбау керек. Алматыдағы аласапыран туралы жиі айтылып жатады, мұны түсінуге де болады. Бірақ, зұлымның сиқырлы таяқшасымен жасалғандай адам сенгісіз жағдайлар болғанын да естен шығармау керек. Нақтырақ айтқанда, бүлікті ұйымдастырушылардың әмірімен бір мезетте он екі қалада жаппай тәртіпсіздік белен алды. Оның арты қасқойлердің көптеген облыс әкімдіктері мен құқық қорғау органдарының ғимараттарын басып алуына әкеп соқтырды.

«Төнкеріс» жасауға әбден машықтанған мамандардың жетекшілігімен тәртіпсіздікті ұйымдастырушылар Үкіметтің жанар-жағармай бағасын өсіру туралы шешімін желеу етіп, адамдарды жаппай шеруге шығуға итермеледі. Сосын азаматтардың, мемлекеттік қызметшілердің, бір танғаларлығы, күштік құрылым қызметкерлерінің елауір бөлігінің арасында дүрбелең туғызды. Олар қару-жарақ пен құпия құжаттарды қараусыз қалдырып, жұмыс орындарын тастап, кете бастады. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің және Ішкі істер министрлігінің кейбір басшылары сын сағатта Отан алдындағы адалдығын сақтап қала алмады, кәсіби деңгейі де төмен екенін көрсетті.

Осындай жағдай, әсіресе, бүлікшілердің басты нысаны болған Алматыда анық байқалды. Әскери қызметшілер мен қала тұрғындары қатты қорлыққа ұшырады. Әкімшілік ғимараттар, сауда орталықтары, дүкендер мен банктер қирап, өртеке оранып, тоналып жатты. Мұндай жүгенсіздікке қарсы төтенше шаралар қабылдау қажет болды. Қазір, арада біраз уақыт өткен соң, пифыры арам әрі сана-сезімі таяз кейбір адамдар мемлекетіміздің елді құрдымға жібере жаздаған сұмдық берекесіздіктен аман қалғаны жайлы өңгімені әдейі айналып өтіп, қасакана ойына келгенді айтып жүр.

— Қантар оқиғасынан кейін сіз олигополияға қарсы күресті қолға алып, заңсыз иемденген активтерді мемлекетке қайтару жөнінде бастама көтердіңіз. Сол үшін Бас прокуратураның жанынан

арнайы комитет құрылды. Бірақ, былтырғы Жолдауыңызда бұл құрылымның атауын Инвесторлардың құқығын қорғау жөніндегі комитет деп өзгерту туралы тапсырма бердіңіз. Жұрт бұл шешімді жете түсініпкіремей отыр. Мұндай қадам заңсыз активтерді елге қайтару тақырыбы осымен жабылды дегенді білдіре ме?

— Әрине, жоқ. Бас прокуратураның мәліметтеріне тоқталып өтейін. Заңсыз активтерді елге қайтару жөніндегі комитет үлкен жұмыс атқарып, олигополия өкілдерінен 1,3 триллион теңгеден астам қаржы өндіріп алды. Соның 1 триллион теңгеден астамы мемлекет қазынасына түсті. Арнайы мемлекеттік қордағы қаражат есебінен елімізде жалпы құны 482 миллиард теңге болатын 434 әлеуметтік және коммуналдық нысан салынып жатыр. Оның қатарында 227 сумен қамтамасыз ету, 183 денсаулық сақтау, 11 білім беру, 5 спорт, 8 инфрақұрылым нысанының құрылысы бар. Сондай-ақ, Павлодар, Арқалық, Балқаш қалаларындағы әуежайлар жаңғыртылып жатыр.

Жұмыс жалғаса береді. Активтерді сараптап, оның заңдылығын анықтау құзырлы органдардың күнделікті қызметінің бір бағытына айналды. Ең бастысы, барлық жұмыс ашық әрі әділ болуға тиіс. Енді бұл шаруаны бір орталықтан үйлестіріп жүргізудің қажеті жоқ. Жұмыс бір қалыпқа түсті. Сондықтан, алға қадам басып, инвесторлардың құқығын қорғауға баса мән беретін кез келді.

Активтері күмән тудырып, күдікке ілінген адамдардың көбі қаржысын елге инвестиция ретінде салуға ниет білдірді. Олармен жалпы сомасы бес триллион теңгеден асатын келісімдер жасалды. Бұл қаражаттың есебінен инвестициялық және әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруды жоспарлап отырмыз. Оның ішінде туристік, көлік-логистикалық орталықтар, тау-кен, металлургия, энергетика секторларына қатысты жобалар бар. Әлбетте, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт салаларына, сондай-ақ, мұқтаж жандарды оналту және әлеуметтік ортаға бейімдеу бағдарламаларын қаржыландыруға айрықша назар аударылады.

Бас прокуратура мен Үкіметтің алдында барлық жоспарларды және уағдаластықтарды орындау міндеті тұр. Бұл — аса маңызды жұмыс.

Заңсыз активтерді елге қайтару арқылы әлеуметтік әділдікті қалпына келтіру — конъюктура не болмаса жұртқа жағу үшін жасалған саяси науқан емес, бұл — мемлекеттің ынғымас ұстанымы. Әңгіме индульгенция немесе ымыраласып, астыртын келісім жасау туралы болып отырған жоқ, олай болуы мүлдем мүмкін емес.

Қазақстан әлем қауымдастығына халықаралық құқықты қатаң сақтайтын ел екенін көрсетіп келеді. Бірақ, кейбір «кәсіпкерлер» қоғамдық пікірді өз мүддесіне қарай бұрмалауға тырысады, шетелде жатып алып, өздерін саяси режимнің құрбаны етіп көрсетеді, «инвестор» ретіндегі құқығы тапталып жатқанын айтады. Біз заң аясында адал диалог жүргізуге дайынбыз. Өйткені, ұстанымдарымыздың дұрыс екеніне сенімдіміз. Қазақстан алдағы уақытта да заңдары инвесторларға қолайлы мемлекет ретіндегі мәртебесін нығайта береді.

— Кейбір оқырмандар әлеуметтік желіде сыбайлас жемқорлықпен күрес мемлекеттік саясаттың басым бағыты болудан қалды деген сынайда пікір айтып жүр. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің дербес мәртебесі жойылғанын осының бір дәлелі ретінде келтіреді. Бұл реформаның мәні неде?

— Мұндай пікірлерден хабарым бар. Оның бәрін дұрыс түсінбеушілік немесе кейбір «арам ойлы» адамдардың бос әңгімесі деп санаймын. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі дербес мемлекеттік орган ретінде өзіне жүктелген міндетті табысты орындады. Оған кінә арта алмаймыз. Ұлттық қауіпсіздік комитеті де жемқорлықпен күреседі. Екі мекеменің бір міндетті қабаттаса атқаруы мемлекеттік маңызы бар жұмысқа кесірін тигізе бастады.

Сыбайлас жемқорлықпен барлық деңгейде күресу мемлекеттік саясатын басым бағыты болып қала береді. Бұған қатысты ешқандай күмән тумауға тиіс.

Қабылданған шешім қатардағы жемқорларды ғана емес, қылмыстық

ПРЕЗИДЕНТ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ҚАЗАҚСТАН ЖАҢА КЕЗЕҢІНЕ



әрекеттің идеологтары мен ұйымдастырушыларын да жауапқа тартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қылмыстың алдын алу үшін түсіндіру және ағарту жұмыстарына әдеттегідей айрықша назар аударылады. Қазір бұл — мемлекеттік қызмет істері агенттігінің құзырындағы міндет. Жалпы, жемқорлықтан аулақ болу қажеттігін балалардың құлағына жастайынан құя берген жөн. Бұл жерде мектептер, қоғамдық ұйымдар, белсенді азаматтар, әсіресе, ата-аналар шешуші рөл атқаруға тиіс. Сол кезде елімізде жең ұшынан жалғасқан жемқорлыққа мүлдем төзбеу мәдениеті қалыптасады.

Ұлттық қауіпсіздік комитеті санмен әуестенбей, сапаға мән беріп, жемқорлыққа қарсы нақты жұмыс жүргізеді. Сонда мемлекеттік қызметшілер құқық қорғау қызметкерлеріне жалтақтамай, батыл шешім қабылдайтын болады.

— Сіз Жолдауыңызда әлеуметтік жеңілдіктер тым көбейіп, масылдық пен алаяқтыққа жол берілгенін қатаң сынға алдыңыз. Жұрт иммиграцияға қатысты көзқарасыңызды да білгісі келеді...

— Қазақстан — әлеуметтік мемлекет. Денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, ғылым және мәдениет саласына қатысты барлық міндеттеме толық орындалады. «Сырт көз — сыншы» деген сөз бар. Шетелдіктер, әсіресе, көрші мемлекеттердің тұрғындары біздің елдегі әлеуметтік қызметтің соншалықты дамығанына қызыға да, қызғана да қарайды. Соның ішінде кепілдік берілген тегін медициналық көмек және азаматтарға арналған көптеген жеңілдік бар. Тіпті, Қазақстанды «коммунизм орнаған» ел деп атай бастады.

Мысал ретінде, жекеменшік мектептердің иелері де ауқымды мемлекеттік субсидия алатын орта білім жүйесін айтуға болады. Барлық аймаққа жекеменшік мектептердің, балабақшалардың, оқу орталықтары мен үйірмелердің жұмысын қамтамасыз ету үшін «жан басына сәйкес қаржыландыру» қағидаты бойынша қомақты қаражат бөлу міндеті жүктелген. Бұған қоса, аukatты кәсіпкерлердің меншігіндегі және ата-аналары балалардың оқу ақысына көп ақша төлеп отырған элиталық мектептерге де бюджеттен қаржы бөлінеді.

Бұл саланы мемлекеттен қаржыландыру жүйесінің өзін реформалау керек. Министрліктің бұрынғы басшылары енгізген бүгінгі бұрмаланған тәртіп бей-берекеттікке әкеп соқты-

рады, себебі, қазірдің өзінде қаражат жетпей жатыр.

Жекеменшік медицина саласында да осыған ұқсас ахуал қалыптасқан. Бұрын жекешелендірілген медицина мекемелері көбінесе күрделі құрал-жабдықтар сатып алмайды, тексеруден өту үшін науқастарды мемлекеттік емханаларға жібереді. Бірақ, ең бастысы, оларға шын мәнінде науқастардың санына қарай емес, «тіркелген» адамдардың санына қарай бюджеттен ақша бөлінеді және бұл «жан басына сәйкес қаржыландыру» деп аталады. Науқастардың санында мүлде нақтылық жоқ, тіркеу жұмыстары қалай болса солай жүргізіледі. Барлығы ашық болуға тиіс, осы саладағы үрдістің бәрін цифрландырған жөн.

Жалпы, бұл — күрделі мәселе, Үкімет бұған назар аударуға тиіс. Мен лауазымды тұлғалардың мұндай жағдайға жол беріп қана қоймай, мемлекет мүддесіне қайшы келетін нәрселерді «өз қолымен» жасағанына таңғаламын.

Бір сөзбен айтқанда, тиісті мекемелердің жөнсіз іс-әрекеттерінің кесірінен білім беру және денсаулық сақтау салаларындағы жеке кәсіпкерлік ұғымы бұрмаланып кеткен. Ахуалды түзеу қажет. Бюджеттен қаржы бөлінбесе, әлеуметтік нысандардың қиын жағдайға тап болуы мүмкін екенін түсінемін. Бірақ, жеке бизнесті түгелдей дерлік мемлекеттің мойнына артып қоюға болмайды.

Сонымен бірге, медицина туризмі тұрғысынан алғанда Астана мен басқа да қалаларымыздың танымалдығы арта түскені көңіл қуантады. Дәрігерге қаралып, сапалы ем-дом алу үшін көрші елдерден бөлек, тіпті, АҚШ-тың және Еуропаның кейбір мемлекеттерінің азаматтары Қазақстанға келіп жатыр.

Мемлекет мұғалімдерге және медицина саласының қызметкерлеріне өте жақсы қолдау көрсетті. Олардың жалақысы бірнеше есе өсіп, қоғамдағы мәртебесі де арта түсті. Бұл дер кезінде қабылданған орынды шешім болды.

Бірақ, алаяқтыққа жол берілмейді. Кеңес заманындағы түрлі аймақтық қалыптасуға қатысқан «ардагерлер» әлі күнге дейін әлеуметтік жеңілдіктерді пайдаланып келеді. Мен халыққа Жолдауымда Кеңес Одағының күйрегеніне отыз жылдан астам уақыт өтсе де, «ардагерлер» күн өткен сайын көбейіп, неге екені белгісіз, жасарып бара жатқанын айттым.

Тағы бір мысал. Статистикаға қарасақ, Қазақстанда 740 мыңнан ас-

там мүгедек адам бар екен. Еліміздің ешқандай қарулы қалыптасқан қатыспайтынын ескерсек, 20 миллион халқы бар мемлекет үшін мұның көптеу екеніне келісетін шығарсыз. Кезінде жауапты мекеме қызметкерлері мемлекеттен көмек алу үшін туыстарын, мәселен, гипертония диагнозы қойылған жақындарын мүгедектер қатарына қосып жаза салғаны анықталып отыр. Мұндай заңсыз әрекеттер аз емес. Сондықтан, Үкімет пен құқық қорғау органдарына осы салада тәртіп орнатуды тапсырдым.

Қандастар мәселесіне келсек. Әрине, мен сырттағы ағайынның тарихи Отанына оралғанын құптаймын. Бірақ, олардың қоғамымызға дұрыс кіругіне қатысты мәселелерді шешу қажет. Былтыр Қазақстанға 16 мыңнан астам қандас көшіп келген. Соның ішінде еңбекке жарамды азаматтардың он бес пайызының ғана жоғары білімі бар. Сол себепті көбі Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімделу барысында қиындықтарға тап болады. Олар негізінен Алматы облысының халық көп тұратын аудандары мен ауылдарына және Манғыстау облысының Жанаөзен қаласына қоныстанған. Орталық және жергілікті билік, сондай-ақ, құқық қорғау органдары бұл жағдайға назар аударуға мәжбүр болып отыр.

Мен былтырғы сұхбатымда Қазақстанда барлық азаматтың құқығы бірдей екенін, ешкімге ешқандай артықшылық немесе басымдық берілмейтінін айттым. Біз өркениетті, әділетті мемлекет құрып жатырмыз. «Заң үстемдігін» қамтамасыз ету, білімнің сапасын арттыру, мәдениетті болу, аянбай еңбек ету, тәртіпке бас ию және мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарау арқылы ғана осы мақсатқа жетеміз. Еліміздің болашағы дарынды, бастамашыл әрі отаншыл жастардың қолында.

Мен мұны үнемі айтып жүремін. Себебі, Мемлекет басшысы ретінде өскелең ұрпақтың жасампаз қуатына сенемін.

— Елдің қорғаныс қабілеті айрықша маңызды екенін бәріміз білеміз. Бірақ, сарбаздардың өліміне қатысты оқиғалар әскери қызметтің беделін, Қарулы Күштеріміздің абыройын түсіріп жатыр. Сіз армиядағы ахуалды қалай бағалар едіңіз?

— Мен әскери борышын өтеуге шақырылған сарбаздардың жарақат алуы мен қаза болуына қатысты оқиғаларды өркениетті елге жат, теріс

ЖАҢҒЫРУДЫҢ ҚАДАМ БАСТЫ

үрдіс деп санаймын. Бейбіт заманда мұндай жайттар болмауға тиіс. Бұл туралы барлық күштік құрылым басшыларымен жуырда өткен кенесте де айттым. Қорғаныс саласына жауапты мекеменің басшылығын тәрбие жұмысын дұрыс қадағаламай отырғаны үшін сынға алдым. Армия жастарға қолдау көрсетіп, оларды еліміздің нағыз азаматы ретінде тәрбиелеп шығаруы керек. Командирлер әскери қызметшілерге үлгі-өнеге болуға тиіс. Әскерде әлімжеттікке, бұзақылыққа, рушылдыққа, жершілдікке орын жоқ, ондай жайттарға жол берілмейді. Мұның бәрін өзім жеке қадағалап отырамын.

Мен ахуалды түзеу үшін шұғыл шаралар қабылдау жөнінде бұйрық бердім. Дегенмен, қайғылы оқиғалар әскери бөлімшелердің бөрінен болып жатпағанын атап өткен жөн.

Тексеру жұмыстары, жалпы, әскердегі тәртіп қатаң сақталатынын көрсетті. Танымалдыққа ұмтылған кейбір блогерлер әскердегі шынайы ахуалға мүлдем жанаспайтын сөз таратып жүр. Олар армияны сарбаздар күн сайын дерлік қылмыскерлердің құрбанына айналып, қаза табатын жер ретінде көрсеткісі келеді.

Шын мәнінде, сарбаз болу — өзінді дамыту үшін тың мүмкіндіктерге ие болу деген сөз. Әскери борышын өтеп қайтқан жастар жоғары оқу орындары мен колледждерде тегін оқи алады.

Олар әскерде жүргенде сұранысқа ие мамандықтарды менгереді. Келісімшартпен жұмыс істейтін әскери қызметшілер мен офицерлер әлеуметтік жағынан барынша қорғалған.

Армияда темірдей тәртіп болуға тиіс. Сарбаздар ант бергенде айтатын «Әскери қызметтің ауыртпалықтары мен қиыншылықтарын табандылықпен көтеремін» деген сөзден әскери өмірдің қатандығын айқын аңғаруға болады.

Әскери қызметтің абырой-беделін көтеру және еліміздің қорғаныс қабілетін арттыру — мемлекеттің басты басымдығының бірі. Қарулы Күштерімізді технологиялық тұрғыдан жаңғырту жұмысы қарқынды жүргізіле бастады. Былтыр Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай өткізілген әскери шеруді шетелдік саясаткерлер мен әскери қайраткерлер жоғары бағалады, бұл іс-шара армиямыздың заманауи қару-жарақпен және техникамен, соның ішінде Қазақстанда жасалған өнімдермен толық жабдықталғанын, сондай-ақ, әскери қызметшілеріміздің дайындығы өте жақсы екенін айқын көрсетті. Әскери бөлімшелеріміз ел ішіндегі және халықаралық деңгейдегі жаттығуларда тамаша нәтижеге жетіп жүр. Қазақстанда колледждерден бастап университетке дейінгі білім және ғылым мекемелерін түгел қамтитын ұлттық әскери мектеп қалыптасты.

Жуырда Тараздағы мамандандырылған әскери мектепке бардым. Онда әлеуметтік жағынан осал топтағы отбасылардан шыққан балалар оқиды. Бұл — жақсы бастама. Мен осы мектепке аты аңызға айналған батырымыз Бауыржан Момышұлының есімін беру туралы шешім қабылдадым. Облыс орталығының бөрінен осындай мектеп ашу туралы тапсырма бердім. Бұл білім мекемелерінде бүкіл еліміз мақтан тұтатын сардарлар мен генералдар тәрбиеленіп шығатынына сенімдімін.

— Тағы бір өткір тақырып — көлік апаты. Өкінішке қарай, жыл сайын жол-көлік оқиғасының салдарынан мыңдаған адам қаза болады. Сіз Жолдауыңызда да бұл тақырыпқа тоқталып, мәселені ретке келтіруді талап еттіңіз. Оң өзгерістер бар ма?

— Бұл — көптеген ел үшін өте өзекті мәселе. Басты себептің бірі — автокөліктің көбеюі. Еліміздегі автокөлік



саны былтырдың өзінде 300 мыңға, ал, соңғы бес жылда 1,7 миллионға көбейді. Оның үстіне, шамамен 3 миллион транзиттік автокөлік еліміздің аумағы арқылы өтеді. Автокөлік көбейген сайын, жол үстінде апат болу ықтималдығы арта түседі.

Ішкі істер министрлігі құқық бұзушылықты анықтау және оның жолын кесу жұмыстарын жандандыра түсті. Инфрақұрылым жетілдірілді, бақылау күшейді. Айыппұлды өсіру туралы шешім де, ең алдымен, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қабылданды.

Соның нәтижесінде ахуал жақсарып келеді, көлік апаттарынан болған адам өлімі 9,4 пайызға азайды. Алайда, қоғам жол ережесін сақтауға немқұрайлы қараса, қолға алынған шаралардың ешқайсысы тиісті нәтиже бермейді. Түптеп келгенде, жүргізушілер қарапайым, бірақ өте маңызды талаптарды сақтамағандықтан, жан түршігерлік апаттар болып жатады. Бұл жағдай көлік жүргізушілерінің жол ережесін білмеуінен немесе оны біле тұра елемейтін кесірінен орын алады. Дәл осындай жауапсыз жүргізушілер адам өліміне әкеп соқтыратын апаттарға себепкер болады.

Кейбір дамыған елдерде көлік апаттарының алдын алу үшін жана тұжырымдама енгізіліп жатыр. Соған сәйкес әр адам полиция қызметкерлеріне ұсталып қалудан қорыққандықтан емес, өзінің және басқа адамдардың қауіпсіздігін ойлағандықтан жол ережесін сақтауға тиіс.

Бұған қоса, осы салаға жана технологияларды, соның ішінде жасанды интеллектіні кенінен енгізген жөн. Біз көліктер тоқтаусыз жүретін көшелер саламыз. Сондай-ақ, қоғамдық көліктердің қауіпсіздігіне айрықша назар аударамыз. Себебі, автобустардың жол апатына ұшырауы азаудың орнына көбейіп барады.

— 2025 жылдың екінші жартысы еліміздің сыртқы саясатындағы маңызды оқиғаларға толы болды. Сіз қысқа мерзім ішінде Бейжіңде, Вашингтонда, Мәскеуде, Анкарада, Абу-Дабиде, Ташкентте, Душанбеде, Бішкекте, Ашхабадта және Токиода болып қайтқан әлемдегі санаулы қайраткердің бірісіз. Өзіңізді ірі халықаралық қақтығыстарды шешу үшін ара ағайын болуға арнайы шақырады деген де болжамдар бар. Бұл туралы не айтар едіңіз?

— Сыртқы саясатқа қатысты жоғары деңгейдегі іс-шаралардың көптігі Қазақстанның абырой-беделі өсіп, халықаралық құқық субъектісі ретіндегі

рөлі арта түскенін көрсетеді. Шетелге жасаған сапарларымнан бөлек, Азия, Еуропа және Таяу Шығыс аймақтарындағы ықпалды мемлекеттердің басшылары Астанаға сапармен келді.

Әрбір келіссөзде экономикалық және инвестициялық ықпалдастыққа, әлемдік аренадағы қарым-қатынасқа қатысты маңызды мәселелер көтеріледі. Былтыр экономикамыздағы басымдық берілген салаларды дамыту үшін жалпы сомасы 70 миллиард доллардан асатын құжаттарға қол қойылды.

Қазақстан Еуразия кіндігінде орналасқан ел ретінде, әсіресе, қазіргі алмағайып заманда түрлі үдерістен сырт қалмауы керек. Біздің халықаралық қатынастағы негізгі мәселелер туралы өз көзқарасымыз, нақты ұстанымымыз болуға тиіс. Сондықтан, мен БҰҰ Бас Ассамблеясының мерейтойлық сессиясында осы әмбебап жаһандық ұйымды реформалауға қатысты Қазақстанның ұстанымын егжей-тегжейлі айтып өттім.

Халықаралық дау-дамайларда ара ағайын болатын ешқандай ойым жоқ, сондай-ақ, бірқатар елдердің ұсыныс пікіріне қарамастан, БҰҰ-дағы жұмысқа қайта оралатын ниетім де жоқ. Бірақ, жабық кеңестер мен пікірталастарға қатысамын, оның үстіне бірқатар мемлекет басшылары менің пікірімді білгісі келеді. Мен үшін осы маңызды жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялаудың еш қажеттігі жоқ, себебі популизмнен аулақпын. Бұл ұстанымым жабық кеңестерге қатысушылар үшін де маңызды болса керек.

— Жаңа жыл қарсаңында Кремльде Тұңғыш президент Нұрсұлтан Назарбаев Ресей басшысымен тағы да кездесті. Кремльге қарасты ақпарат құралдары бұл жайында кеңінен мәлімет таратты. Кездесу туралы көптеген пікір айтылып, өсек-аян өрбіді. Тіпті, Қазақстанда 2029 жылы болатын билік транзиті туралы сөз қозғалыпты, Назарбаев Владимир Путиннің тікелей қолдауымен сол істе ең басты рөл атқарғысы келеді екен деген алып-қашпа әңгіме шықты. Сіз былтырғы сұхбатыңызда Тұңғыш президент партияның ірі қайраткері ретінде көп уақытын өткізген Мәскеуді сағынатын болар, сондықтан ол жаққа жігі барары деп түсіндірген едіңіз. Дегенмен, көптеген азамат Сіздің осындай «саммиттерге» шынайы көзқарасыңызды білгісі келеді.

— Тұрақты түрде өткізіліп жүрген кездесулер бейресми сипатқа ие. Мұ-

ны Ресей президентінің өзі де атап өтеді. Таяуда өткен Санкт-Петербургтегі басқосуда Владимир Путин маған Нұрсұлтан Назарбаевты оның өтініп сұрауы бойынша қабылдайтынын айтқан еді.

Ресей президентінің ерекшелігі: ол достарымен және әріптестерімен жылы қарым-қатынас құра біледі. Жұмысы өте қарбалас болса да, сенбі күні Қазақстанның Тұңғыш президентімен асықпай әңгімелесуге уақытын бөлді. Ол Нұрсұлтан Назарбаевты Еуразиядағы ықпалдастық үдерісінің бастауында тұрған тәжірибелі саясаткер ретінде бағалайды. Ресей бұл үдерісте жетекші рөл атқарып отыр. Кремльдегі

қарап жатырмын. Жоспарланған өзгерістер өте көп, бәрі тұтаса келгенде жана Конституция қабылдаумен парпар кадам жасаймыз деуге болады.

— Сіздің күрделі мәселелерге өзімен қарай алатыныңызды, ойыңыздың астарын өмірде болған тағылымды тарихи оқиғалар, я болмаса дипломатиялық тәжірибенің алынған мысалдар арқылы жеткізетінізді «президенттік орта» жақсы біледі деседі. Олар өткен кезеңнің белгілі тұлғаларын да жиі тілге тиек ететінізді айтатын көрінеді. Жоғары деңгейдегі саясаткер ретінде бұл қабілетіңіз Сізге сенігін тигізе ме?

— Әзіл айта білу және тарихи деректерді жетік білу үлкен саясатта да жоғары бағаланады. Мен кәсіби тарихшы емеспін. Сондықтан, көптің алдында өткен дәуірлерге қатысты тақырыптарға бара бермеймін. Бірақ, тарихқа қызығамын, кітаптар мен мақалалар оқимын. Десе де, тарихи деректерді қазіргі саясаттың мүддесіне пайдалануға болмайды деп санаймын.

Белгілі жазушы, драматург Эдвард Радзинский өткен ғасырдағы 80-ші жылдардың басында Сталин туралы іргелі зерттеу кітабын жазуға кіріскенін айтыпты.

Қаламгердің елге «қайта құру қаһармандары» ретінде танылған достары «Сенің Сталиннің кімге қажет? Ашықтық пен демократия дәуірі басталғанын білмейсің бе? Сталинизм заманы келмеске кетті» деп кекетсе керек. Сонда жазушы «Мен кітапты жазып бітірген кезде жұрт Сталиннің суретін көтеріп алып, көшеде жүретін болады» деген екен. Ақыры солай болып шықты.

Тарихтан талай нәрсені үйренуге болады, күні кеше ғана қуғында жүрген жандар ертең-ақ ұлы тұлға атанады. Есесіне, Ленин сынды көсемдердің әжуаға айналуы оп-онай, халық оның қанатты сөздерін әлдеқашан ұмытқан. Ал, Троцкий өз естеліктерінде «партиямыздың ең көрнекті ортақол адамы» деп атаған Сталинді қазір жұрт мадақтайды, тіпті, «Кадр бәрін шешеді», «Бала әкесі үшін жауап бермейді», «Өмір кандай керемет, өмір кандай көңілді», «Табыстан бас айналу», «Гитлерлер келеді-кетеді, ал неміс халқы қала береді» деген сөздері үшін пір тұтады. Осындай тарихи парадокстар бізде де аз емес...

— Ойыңызды тарқатып айтасыз ба?

— Кез келген елдің, соның ішінде біздің де төл тарихымызда қайшылыққа толы оқиғалар мен ақиқатынан аңыз басым тұлғалар жетіп артылады. Тарихи деректерді бұрмалау, халыққа жасаған еңбегі күмәнді, яғни нақты мәліметтермен немесе құжаттармен дәлелденбеген адамдарды шамадан тыс ұлықтап көрсету — мен үшін мүлде ақылға қонбайтын нәрсе.

Соңғы жылдары Қазақстанда тарихты талқылау сөнге айналды. Түрлі подкасттар, фильмдер, мақалалар мен кітаптар шығып жатыр. Әрине, халықтың төл шежіресін тануға деген қызығушылығын түсінуге болады. Жалпы, бұл — құптарлық дүние.

Алайда, өкінішке қарай, мемлекетке кесірі тиетінін жете түсінбей, көпшіліктің көңілін табу үшін ойдан шығарылған деректер мен жалған ақпараттар тарататын, халқымыздың басынан өткен қиындықтарға өзге жұртты кінәлайтын тарихшысымактар пайда болды. Жұрт олардың сандырағына сеніп, өткен дәуірдің жалған батырларын ұлықтай бастады. Мұның соны жақсылыққа апармайды. Бұл — ақиқат жолы емес, керісінше «жалған түсінік туғызатын үміт жол».

Біз болашаққа ұмтылған қоғам, біртұтас ұлт ретінде төл тарихымызды танып, оны қаз-қалпында қабылдай білуіміз керек. Бізге негізсіз аңыз-әңгімелердің еш қажеті жоқ, оның бәрі сана-сезімімізге кеселін тигізеді. Тарих жұртты дауластыратын, жауластыратын тақырып емес, керісінше, қоғамды ұйыстыратын құндылық болуға тиіс. Ойдан шығарылмаған, яғни ақиқатқа құрылған шежіре бізді тарихтан тағылым алып, кемшіліктерімізді түзетуге, сол арқылы болашаққа сеніммен қадам басуға үйретеді. Сондықтан, біз Абайды және оның ой-толғамдарын кенінен дәріптеп келеміз. Ол қоғамдағы кемшіліктерді бүкпесіз айттып, «Толық адам» болуға байытын дұрыс жолды нұсқап кетті. Ұлы ойшылдың ұрпаққа қалдырған баға жетпес мұрасы саналатын «Қара сөздері» әлі күнге дейін өзекті болып отыр.

(Жалғасы 6-бетте)

ПРЕЗИДЕНТ

6 ҚАҢТАР 2026 | СЕЙСЕНБІ

Қазақстан Республикасының Президенті
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ҚАЗАҚСТАН ЖАҢҒЫРУДЫҢ
ЖАҢА КЕЗЕҢІНЕ ҚАДАМ БАСТЫ



(Басы 4-5-беттерде)

Абай халқымыздың еңбеккор, білімпаз және адамгершілігі жоғары болғанын қалады. Мән-мағынасы жоқ сансыз пікірталастан басқа ұрпаққа ұлағат боларлық сөз қалдырмаған бірқатар қоғам қайраткерлерінің мұрасынан Абай ілімі әлдеқайда биік тұрғаны анық. Бірде-бір дәуірде, әсіресе, саяси аласапырандар кезеңінде көпірме сөздің еш пайдасы болмаған.

— Сіздің «Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттарын, құндылықтары мен бағыттарын бекіту туралы» Жарлыққа қол қойғаныңыз былтырғы айтулы қадамның бірі болды. Жұрт идеологияның рөлі, отаншылдық туралы жиі айтады. Сіз отаншылдық дегенді қалай түсінесіз?

— Меніңше, отаншылдық деген ұлы сезім жылтырақ сөзбен, жалған әрекетпен бағаланбауға тиіс. Нағыз отаншыл азамат жұрттың алдында кеудесін соғып көпірмейді, етегі жасқа толып еңіремейді, онды-солды сұхбат беріп ділмәрсемейді. Үндемей жүріп, үлкен іс бітіреді. «Айдағаны бес ешкі, ысқырығы жер жаратыннын» бәрі патриот емес. Отаншыл болу — туған елінің, отбасынның игілігі үшін аянбай еңбек ету деген сөз. Қоқысты жинау, тал егу, табиғатты аялау, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету де — отаншылдықтың белгісі.

Мен аймақтарға іссапармен барғанда инженерлермен, жұмысшылармен, мұғалімдермен, дәрігерлермен, шаруалармен, әскери қызметшілермен, мәдениет қайраткерлерімен кездесемін. Олардың бәрі — сүйікті Отанымыздың нағыз патриоттары. Отан отбасыннан, ауланнан, көшеннен басталады. Сондықтан, айналанды аялап, табиғатты таза ұстау керек.

Әлемде мультикультурализмді қолдап, ұлтаралық және дінаралық татулықты жақтайтындар мен өзін нағыз патриот санайтын радикалды ұлтшыл топ өкілдері арасында қатығыс болып жатыр. Меніңше, екі жақтың да ұстанымы ұшқары. Себебі, Азияда бағзы заманнан бері заң мен тәртіпке бағынып, береке-бірлікте, тату-тәтті өмір сүрудің «үлгілі үйлесімі» бар.

Мен бұған дейін қоғамдық өмірдің «Бірлігіміз — әралуандықта» деп аталатын маңызды қағидатын жарияладым. Бұл азаматтарымыз бірін-бірі құрметтеп, сабыр сақтап, тәртіпті болуы қажет дегенді білдіреді. Тағы да қайталап айтайын: Қазақстан үшін «Заң мен Тәртіп», қолмен істегенді мойынмен көтеру қағидаттары айрықша маңызды. Әйтпесе, жоспарлары-

мызды орындап, мақсаттарымызға жету екіталай болмақ.

— Биыл Қазақстан халқы кастерлі Тәуелсіздігіміздің 35 жылдық мерейлі белеске жеткенін атап өтеді. Бұл — тарих тұрғысынан алғанда қас-қағым сәт болғанымен, жекелеген мемлекеттер мен адамдар үшін біршама ұзақ мерзім. Сіз Қазақстанның жүріп өткен жолын қалай бағалар едіңіз? Алдағы бағдарымыз қандай?

— Мемлекет құру ісінің куәгері болған және бұл іске атсалысқан азамат ретінде «осы жылдарда Тәуелсіз Қазақстанның игілігі үшін өте көп жұмыс атқарылды» деп айта аламын. Иә, жетістіктермен қатар, қателіктер де болды. Онсыз мүмкін емес қой?! «Білмейтін жолдың ой-шұңқыры көп» деген сөз бар. Қалай болғанда да, еліміз бұралаңы көп, бағдары бұлыңғыр, күрделі жолды жүріп өтті. Жер жүзінде Қазақстанға тілеуестік білдіргендер аз болған жоқ, бірақ жымсықы ниет танытқандар да бар еді. Өткен ғасырдағы 90-шы жылдардың басында шетелдерде «қазақтардың қолынан ештеңе келмейді» деген пікір айтылып жатты. Өйткені, демографиялық ахуал мен кенес дәуірінен қалған саяси және экономикалық жағдай табысты мемлекет құруымызға қолбайлау болатындай көрінді.

Өмірдің өзі бұл болжамдарды жоққа шығарды. Қазақстан экономикасы қарқынды дамып жатқан, халықаралық беделі жоғары, табысты мемлекетке айналды. Бірақ, алдымызда тәжірибесі мол азаматтарға да, жастарға да ортақ орасан зор жұмыс бар.

— Қазіргі жастар — өте талапшыл әрі талғампаз. Әлеуметтік желіден олардың «Қазақстан «прайм-дәуірге», яғни керемет кезеңге қадам басты» дегенін көргенде таңғалдым. Осыған қатысты не айтар едіңіз?

— Жастарымыздың күш-қуаты мол, үміті мен сенімі зор әрі азаматтық сана-сезімі өте жоғары. Олар — бар ықыласымен болашаққа ұмтылатын отаншыл азаматтар. Дәл осындай өршіл ұстанымның арқасында еліміз талай рет алдынан шығатын сын-қатерлерді еңсеріп, қиындықтарды жеңері сөзсіз.

Жастардың қуанышы орынсыз, тіпті, оғаш көрінуі мүмкін. Бірақ, олардың ой-пікірімен санасқан жөн. Жастар Отанымызға тек жақсылық тілейді. Бұл біздің қоғамымыздың жасампаздық рухын білдіреді.

Өскелең ұрпақ бүгінгі ахуалға арман-қиялмен емес, нақты көзқараспен қарауы қажет, виртуалды емес, шынайы әлемде өмір сүруі керек. Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүр-

мей, ерінбей еңбек етіп, өзін темірдей тәртіпке тәрбиелей білгені жөн.

— Қазақстанның дамуы туралы айтар болсақ, осы жылдан не күтесіз? Алда қандай маңызды оқиғалар болады? Мақсат-мұраттарыңыз қандай?

— Биыл көп жұмыс істеуіміз қажет екенін айтып өттім. Осы жылы ауқымды саяси өзгерістердің жана кезеңі басталады, экономикалық реформалар жалғасын табады.

Еліміз жаңғыру жолына біржола түсіп, қоғамымыздың болмысы мен бет-бейнесін түбегейлі өзгертуге тиіс. Азаматтарымыз жаңа дәуірге бейімделуі қажет. Бұл — онай шаруа емес.



Бірақ, халқымыз, соның ішінде жастарымыз алмайтын асу жоқ. Бұған көміл сенемін.

Мен осы жылды Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жарияладым. Бұл еліміз үшін тарихи мүмкіндік екенін жаңа ғана айтып өттік. Түбегейлі цифрлық өзгерістер жасап, жасанды интеллектіні енгізу экономиканың және басқа да көптеген саланың дамуына тын серпін береді. Мемлекетті басқарудан бастап, білім беру және денсаулық сақтау саласына дейін — барлық бағытта өсіп-өркендеуге жол ашады.

Тәуелсіздігіміздің 35 жылдығы — еліміз үшін айтулы дата әрі осыған дейін жүріп өткен жолымызды ой елегінен өткізіп, болашаққа жоспар құратын сәт. Тәуелсіздіктің мерейлі белесін ас та төк науқаншылдыққа айналдырмау керек, бұл Қазақстанның өсіп-өркендеуінің символы болуға тиіс.

Мен Президент ретінде «Таза Қазақстан» акциясын алдағы уақытта да

ерекше назарымда ұстаймын. Бұл жұмыстың мән-маңызы өте зор. Себебі, «Таза Қазақстан» жұртты үнемшіл әрі әкпейіл болуға, даңғазалықтан арылуға, үнемі ізденіп, алға ұмтылуға, ортақ жауапкершілікті ұмытпауға, елге жанашырлық танытып, қайырымдылық жасауға үндейді. Біздің бастамамызбен Біріккен Ұлттар Ұйымы 2026 жылды Халықаралық еріктілер жылы деп жариялады. Бұл қадам «Таза Қазақстан» идеясымен толық үндеседі.

Мен осы жалпыхалықтық қозғалысты айрықша маңызды идеологиялық акция деп санаймын. Өйткені, тазалық дегеніміз — мағынасы терең,

мазмұны сан қырлы ұғым. Тазалық ұғымы жан дүниенің де, жер дүниенің де тоқырауын емес, гүлденуін, кіршіксіз таза болуын білдіреді. Түптеп келгенде, тазалық ұлт болмысының өзегіне айналуға тиіс.

— Жұрт Сізді жеке тұлға ретінде тани түскісі келеді. Сіз жеке өміріңізді көпшілікке жария етуді ұната бермейтін сияқтысыз. Өзіңізді жақсы білетін адамдар «ол жазба мәтіндерге өте мұқият қарайды және асқан табандылықпен жұмыс істейді» дейді. Жеке ба-сыңызға қатысты осындай сұрақтар аз емес. Осының бәрін қорыта айтсақ, Сізді жан дүниесі мен мінез-құлқы қандай адам деуге болады?

— Мен 1975 жылы КСРО сыртқы істер министрлігінің табалдырығын алғаш рет аттадым, мемлекеттік қызметке келгеніме былтыр 50 жыл болды. Алғашқы мамандығым бойынша мен — қытайтанушымын. Бұл кәсіп айрықша табандылықты қажет етеді. Шынымен де, мәтінмен жұмыс істеуге

әбден дағдыланғанмын, нашар стильді, әсіресе, әріп қатесін суканым сүймейді. Жолдауларымыды, сөйлейтін сөздерімді, мақалаларымды, тіпті, әріптестеріме жоланатын хаттардың бәрін тікелей өзім қарайтынымды аппараттағылардың барлығы біледі.

Саналы ғұмырым темірдей тәртіпті, зор жауапкершілікті, жүйелі жұмыс істеуді талап ететін мемлекеттік қызметте өтіп келеді. Мұның бәрі менің мінез-құлқым мен дүниетанымыма өз әсерін тигізді. Сондықтан, «Сіз кімсіз?» деген сипаттағы сауалыңызға қысқаша ғана «мен — мемлекетшіл адаммын» деп жауап берейін.

— Жақында АҚШ президенті Дональд Трамп өзінің денсаулығы туралы мәліметтерді жариялады. Осы тұрғыдан алғанда, Сіз көп ашыла бермейсіз. Дегенмен, денсаулығыңыз жайлы түрлі әңгіме айтылып жатады. Кейбіреулер Сіздің салмақ тастап, сергек көріне бастағаныңызды атап өтсе, енді біреулер оған қарағар пікір білдіріп жүр. Бұл туралы не дер едіңіз?

— Денсаулығым жақсы, қан қысымым қалыпты. Күн сайын йогамен шұғылдануды әдетке айналдырдым, бірақ медитация жасамаймын. Бұрынғы кәсіпкой спортшымен аптасына екі рет үстел теннисін ойнаймын. Расымен, тоғыз келі салмақ тастап, өзімді әлдеқайда жайлы сезінетін болдым.

— ТМД елдеріндегі әріптестеріңіздің ішінде тағы кім спортқа жақын?

— Таяуда Бішкекте өткен бейресми іс-шара кезінде Путин жас дзюдошыға қарсы әдемі әдіс жасап, аға буынның абыройын көтеріп тастады. Әлиев те мықты, көнігі спортшы сияқты үнемі жаттығады, Жапаров футбол ойнайды. Мирзиёев те ширақ, аға жаттығу залында шынығады. Пашинян велосипед тебеді. Лукашенко әлі күнге дейін хоккей ойнайды екен. Кезінде әскери-теніз күштерінде болып, әбден шыныққан Рахмонның да денсаулығы жақсы. Бір сөзбен айтсам, әріптестерімнің бәрі де бабында.

— Президент мырза, бүгін өте мазмұнды әңгіме болды. Халықты толандыратын көптеген маңызды мәселені талқыладық. Уақыт бөліп, сұхбат бергеніңіз үшін тағы да алғыс айтамын.

— Мен әрдайым қоғамның көңіл-күйі мен азаматтардың мұң-мұқтажын біліп отыруға тырысамын. Түйткілді мәселелер мен жоба-жоспарларды ашықәрі тура айтамын. Қазақстанның әлеуетін еселей түсу үшін әлі көп жұмыс істеуіміз керек. Біз бір ел болып, халықтың мүддесін қорғау жолындағы биік мақсатымыздың бәріне жетеміз. Мен бұған көміл сенемін.

Газеттеріңіздің жұмысы табысты болсын! Редакция қызметкерлеріне менен дұғай сәлем айтыңыз.

— Міндетті түрде сәлеміңізді жеткіземін!

Әңгімелескен
Бауыржан БАБАЖАНҰЛЫ

САЯСАТ



Мәулен ӘШІМБАЕВ,
Сенат Төрағасы

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУДЫҢ
ЖАҢА БЕЛЕСІ

Бұл жай ғана өткен жылды қорытындылау немесе алдағы жоспарды тізбелеу емес. Өйткені сұхбатта көтерілген мәселелердің ауқымы кең. Онда экономикадан бастап қоғамдық санаға, технологиялық серпілістен әлеуметтік әділеттілікке дейінгі барлық маңызды бағыт түгел қамтылып, бірінғай стратегиялық жүйе ретінде қарастырылады.

Президентіміз Қазақстанның реформаларды жүзеге асыруға біржола бет бұрғанын өткен жылдың басты қорытындысы ретінде атап өткен. Бұл мемлекеттік саясат уақытша науқаншылыққа бой алдырмайтынын және құрғақ уәделермен шектелуге жол бермейтінін көрсетеді.

Мемлекет басшысы экономикалық дамудың сапасына ерекше мән берді. Былтыр экономикамыз 6 пайыздан астам өскені белгілі. Соның нәтижесінде ішкі жалпы өнім 300 миллиард долларға жетіп, жан басына шаққанда 15 мың доллардан асты. Сұхбатта айтылғандай, бұл — елімізбен қатар, бүкіл өңір үшін рекордтық көрсеткіш.

Ішкі жалпы өнімнің өсуі мен жан басына шаққандағы табыстың артуы маңызды көрсеткіштер екені анық. Десе де, Президентіміз аталған бағыттағы оң көрсеткіштермен бірге инфляция, әлеуметтік тенсіздік сияқты азаматтардың болашаққа деген сеніміне сызат түсіретін тұрақсыздық факторлары туралы да ашық айтты. Мұндай қадам проблемалардың салдарымен ғана емес, себебімен де күресуге тікелей ықпал етеді. Әділдік, заң мен тәртіп, еңбекқорлық сияқты мемлекетіміздің болашағы үшін маңызды қағидаттарға негізделген қоғам құру жолында бұл айрықша мәнге ие.

Сұхбатта айтылған маңызды басымдықтардың бірі — цифрландыру мен жасанды интеллекттің дамыту мәселесі. Мемлекет басшысы бұл тақырыпты сөз үшін емес, ұлттық қауіпсіздік пен экономикалық тәуелсіздік мәселесі ретінде қарастырады. Президентіміздің «Қазақстан цифрлық державаға айналуы керек» деген пікірі — стратегиялық мақсаттың айқын тұжырымы. Қазіргідей жана технология дәуірінде бұл өркеніетті ел болып қалудың бірден-бір жолы десек, артық айтқандық болмайды. Мемлекет басшысының 2026 жылды Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жариялауының да түпкі мәні аталған тұжырымға табын тірейді.

Осы бағытта Astana Hub, IT экспорт, суперкомпьютерлер, AI-Ана бағдарламасы, деректерді жана дәуірдің «қазынасы» ретінде бағалау Қазақстанның технологиялық көшке ілесіп қана қоймай, оның алдыңғы легінен орын алуға ұмтылып отырғанын көрсетеді. Мұндай мақсат жасанды интеллекттің тұтынушы емес, оны жасайтын және экспорттайтын ел болуды көздейтін стратегиялық ұстаным екені сөзсіз.

Былтыр Парламент қабылдаған Цифрлық кодекс, Жасанды интеллект туралы заң және басқа да нормалар аталған саланың құқықтық негізін қалыптастырып, Мемлекет басшысы белгілеген міндеттерді іске асыруға бағытталған болатын. Парламент, оның ішінде Сенат биыл да бұл саладағы белсенді заң шығару қызметін жүйелі түрде жалғастыра береді.

Президентіміз Салық кодексіне де ерекше тоқталды. Қасым-Жомарт Кемелұлы салық реформасын мемлекет пен қоғам арасындағы жана қоғамдық келісім ретінде қарастыру керек екенін атап өтті. Бұл жерде бақылау мен қысым емес, сенім мен серіктестік алдыңғы орынға шығып отыр. Мемлекет басшысы атап өткендей, салық төлеу — отаншылдықтың озық үлгісі. Ол — мәжбүрлеу емес, ортақ жауапкершілік. Бұл қағида қоғамның саяси мәдениетін жана деңгейге көтеруді көздейді. Расымен, ашық, әділ әрі түсінікті салық жүйесі экономиканың кейбір бағыттарын көлеңкеден шығарып, әлеуметтік әділеттілікті нығайтуға қызмет ететіні анық.

Сұхбатта энергетикалық және коммуналдық сектор да назардан тыс қалмаған. Мемлекет басшысы көп жыл бойы саладағы қордаланған проблемаларды кейінге ысыру елді тығырыққа тірегенін ашық айтты. Арзан тарифтер, шын мәнінде, аukatты топтарға берілген жасырын субсидия болып қалғаны анық емес. Сондықтан бұл бағыттағы әділетті тариф, атаулы әлеуметтік көмек, тұтынуға қарай төлеу қағидаты экономикадағы теңгерімді қалпына келтіруге арналған шаралар екені сөзсіз.

Ядролық энергетикаға қатысты көзқарас та осы логикадан туындайды. Яғни, сенімді энергия көзі болмаса, цифрлық экономика мен жоғары технология туралы сөз қозғау мүмкін емес. Сондықтан алдағы уақытта бірнеше атом станциясын салу арқылы тарихи олқылықтың орнын толтыру және техникалық интеллигенцияның жана буынын қалыптастыру маңызды міндет ретінде белгіленді.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың жыл басында мерзімді баспасөзге сұхбат беруі саяси дәстүрге айналды. Осыған байланысты Мемлекет басшысы Turkistan газетінің бас редакторы Бауыржан Бабажанұлымен әңгімелесіп, еліміздің қазіргі ахуалына және алдағы даму бағдарына кеңінен тоқталды.

Әр жыл Мемлекет басшысының бағдарламалық сұхбатымен басталады. Онда өткен жылдың негізгі нәтижелері қорытындыланып, болашақ бағыт-бағдарымыз айқындалады. Қалыптасқан бұл тәжірибе кейінгі жылдары еліміздің саяси өміріне нық орнығып, қоғамдық диалог пен мемлекеттік мақсат қоюдың маңызды құралына айналды.

Ерлан ҚОШАНОВ,
Мәжіліс Төрағасы



АШЫҚ ДИАЛОГ –
АЙҚЫН СЕНІМ КЕПІЛІ

Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев жұртшылықты толғандырып жүрген ең өзекті сұрақтарға өзіне тән парасатпен әрі байыпты мәнермен боямсыз, бүкпесіз жауап берді. Бұл оның халықпен тікелей диалогқа ашықтығын, дайын екенін тағы да көрсетеді.

Өткен жылдың басты қорытындысы ретінде Президент ұлттық экономиканың орнықты әрі қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті. Жан басына шаққанда елдің ішкі жалпы өнімі ұзақ жылдан бері алғаш рет 15 мың доллардан асты. Осыдан екі жыл бұрын «Егемен Қазақстан» газетіне берген бастапқы сұхбатында Мемлекет басшысы Халықаралық валюта қорының болжауынша, аталған көрсеткіш 2028 жылға қарай 16,8 мың долларға дейін өсетінін айтқан еді.

Қазіргі уақытта мұның қолдан келетін шаруа және жете ойластырылған, жүйелі саясаттың тікелей жемісі екенін анық көріп отырмыз. Президенттің алдыңғы сұхбаттарында көтерілген барлық мәселе мен бастама тек сөз жүзінде қалмай, дәйекті түрде іске асып, ел болашағына біртұтас негіз болып қаланып жатқанын атап өткен жөн. Жаксы нәтижелермен және зор жетістіктермен қатар Президент халық арасында кеңінен талқыланып отырған ең түйткілді тақырыптарға да тоқталып өтті.

Әсіресе, жуырда қабылданған Салық кодексі қоғам мен іскерлік топтардың ерекше назарында болды. Бұл былтыр ең көп пікірталас тудырған мәселенің бірі десек, артық емес. Осы құжатты әзірлеу барысында шын мәнінде ауқымды жұмыс атқарылды. Мәжілістегі жұмыс тобы мүшелерінің саны 300 адамға дейін жетті. Бес мыңнан астам түзету енгізілді.

Талқылаулар орталықтағы және өңірлердегі түрлі диалог алаңдарында өтті. Атап айтқанда, қосылған құн салығының мөлшері мен шегі төңірегінде көп пікір айтылды. Жоғарғы шекті 4 сапты төмендетіп, бұл өзекті мәселенің нүктесін Мемлекет басшысының өзі қойды. Бүгін Президент салық реформасының идеологиясын түсіндіріп, ендігі жерде басты басымдық серіктестікке берілетінін айтты.

Негізгі мәселе — мемлекеттің де, азаматтың да, бизнестің де өз міндеттемелерін адал және саналы түрде орындауы. Бұл — бүкіл әлемде қалыптасқан тәжірибе: адам неғұрлым көп салық төлесе, соғұрлым мемлекеттен жоғары сапалы қызмет көрсетуді талап етуге құқылы.

Былайша айтқанда, салық төлеу — жаксы жол, сапалы медицина мен білім деген сөз. Осы қарапайым әрі түсінікті формула азаматтық жауапкершіліктің негізін қалап, қоғамдық сананы біртіндеп өзгертеді.

Президент тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының көңіл көншітпейтін жағдайы, тарифтердің көтерілуі сынды түйткілді мәселелер бойынша да мемлекет мүддесі тұрғысынан тұшымды жауап берді. Мемлекет басшысы бұл күрделі де қиын тақырыпты айналып өтпей, керісінше осы мәселеге ашық тоқталып отыр.

Көп жыл бойы арзан жанармай, электр қуаты мен төмен тарифтерден түскен пайда жекелеген олигополия мен жосықсыз делдалдардың қалтасына түсіп келді. Оның үстіне, бұл жайт экономиканы тұралатып, өзекті мәселелердің шешілуін кешеуілдетті. Бүгінде сол саясаттың салдары ерекше сезілуде.

Президент ондай теріс тәжірибені тоқтатып, барлық жауапкершілікті өз мойнына алып, қордаланған мәселелерді шешу үшін жүйелі жұмыс істеп жатыр.

Мемлекет тарапынан, соның ішінде заңнамалық деңгейде де жана ережелер енгізілуде. Негізгі ұстаным — ашықтық және бірінші басшылардың тікелей жауапкершілігі. Енді қаражат жылу электр орталықтары мен коммуналдық желілерді жаңғыртуға жұмсалады. «Тарифті инвестицияға айырбастау» тәсілі де тиімділігін көрсетуде.

Алғашында халыққа тосындау көрінген тарифтерді өсіру шаралары да өз нәтижелігін, белгіленген бағыттың дұрыстығын көрсете бастады.

Сонымен қатар Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған конституциялық реформа Мәжіліске Жоғары аудиторлық палатаның есебін тындау құқығын берді. Бастапқы есептің тақырыбы дәл осы жылумен қамту саласының аудиті болды.

Бүгінде осы шаралардың бәрі өз жемісін беріп жатқанын көріп отырмыз. 2025 жыл тұрақтылық жылы болып, айтарлықтай коммуналдық ақауларсыз өтті. Бұл — жүргізіліп жатқан саясаттың тиімділігінің айқын дәлелі.

Қасым-Жомарт Кемелұлы президенттік қызметіне кіріскен күннен бастап ауылды дамытуға баса көңіл бөліп келеді. Ауылдың инфрақұрылымдық және институционалдық дамуына оның сайлау алдындағы бағдарламасында айтылған бастамалар тың серпін берді. Президент сайлауынан кейін бірден қол қойылған жарлықтың бірі «Ауылдық аумақтарды дамытудың 2027 жылға дейінгі тұжырымдамасы» болуы кездейсоқ емес.

Екі жыл қатарынан дикандарымыз рекордтық өнім алуы — осындай жүйелі қолдаудың тікелей нәтижесі. Бүгінде 70 елге экспортталатын ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы сомасы 5 млрд АҚШ долларынан асады.

Қазір агроөнеркәсіптік кешенге елді сапалы жұмыс орындарымен қамтамасыз етіп, әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті өнім шығара отырып, экономиканы тұрақты дамытудың негізгі драйверінің біріне айналуы үшін қажеттінін бәрі бар.

Президент өз сұхбатында агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың келесі қадамы және миллиондаған ауыл тұрғынының табысын арттыруда негізгі аспектісі ретінде ауыл шаруашылығы кооперациясының маңыздылығын тағы да еске салды.

Мемлекет басшысының табандылығы негізсіз әлеуметтік жеңілдіктердің тым көбеюі мәселесінен де көрінді. Бұл тақырып оның Жолдауында да қозғалған еді. Осы тұста Президенттің түпкі ойының астарына үйілген жөн. Ол қазақстандықтарды еңбекқор ұлт ретінде көргісі келетінін бірнеше рет айтқан болатын.

Алайда, өткен жылдар тәжірибесі, керісінше, қоғамдағы масылдықтың күшеюіне түрткі болды.

Соның салдарынан елімізде жүзден астам түрлі жеңілдік енгізілді. Оны миллиондаған қазақстандық пайдалануда. Бұл елдің дамуын тежейтін, мемлекеттің қыруар ресурсын басқа жакқа бұрып әкететін ауыртпалыққа айналды.

Кейбір отбасылар азды малданып, әлеуметтік төлемдермен ғана күн көруге көшкен тұтас бір тұтынушылық мәдениет қалыптасты. Мемлекет басшысының реформалары осы бұрмаланған түсінікті өзгертуге және азаматтарды табанды еңбек етіп, лайықты жалақы алуға ынталандырды.

Өткен жылдың «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жарияланып, барлық деңгейде еңбек адамына, еңбек династияларына құрмет көрсетілуі бекер емес. Олар өз заманының ерен ерлеріне айналды. Бұл мысалдар жастарымыз үшін жарқын үлгі болды. Жас буын жұмысшы мамандықтарға қызығушылық таныта бастады. Жалпы, қазіргі жастар — еліміздегі көптеген әлеуметтік оң өзгерістің қозғаушы күші. Мәселен, Президентіміздің «Таза Қазақстан» идеясын алайық. Бірінші кезекте, бұл бастама жастардың арқасында жай ғана экоация емес, санаға серпіліс берген өмір салтына айналды. Бүгінде мемлекет тарапынан қазақстандықтардың өзін-өзі толыққанды танытуы үшін барлық жағдай жасалуда, оларға кез келген мүмкіндіктер ашық және олар өз болашағының иелері. Біздің жастар қиындықтан қашпайды. Оған су тасқыны, алапат өрттің кезінде көз жеткіздік. Президент пен жастар алдыңғы шепте жүрді. «AMANAT» партиясының жастар қанаты да осы істердің бел ортасынан табылды.

Бүгінде жас толқынның өмірден өз орнын табуына жан-жақты жағдай жасалуда. Олардың алдында барлық мүмкіндікке жол ашық. Жастардың өз тағдыры өз қолдарында. Бұл ретте жаһандық цифрлық трансформация дәуірінде жастарды назардан тыс қалдырмай, оларға жол көрсетіп, дұрыс тәрбие беріп, жігерлендіру — маңызды міндет. Атом электр стансасын салу, жасанды интеллекттің енгізу, жаппай цифрландыру — жастардың алға қарай жылдам басып, дамуына жасалған жана мүмкіндіктер.

Президент жаһандық үрдістерді жаксы түсініп, қажетті бағыт-бағдарлы дер кезінде айқындап беріп отыр. Ал бұл әлемнің дамыған елдерімен батыл бәсекелесуге мүмкіндік береді.

Біз алғашқылардың бірі болып Жасанды интеллект туралы заңды, Цифрлық кодексті қабылдадық. Осы салаға қажетті кадр даярлап, ақпараттық технологиялар инфрақұрылымын дамытып, ақпараттық технологиялар индустриясы көшбасшыларының келуіне жағдай жасап жатырмыз.

Oxford Insights британдық консалтингтік компаниясының елдердің жасанды интеллекттің енгізуге даярлық рейтингісі бойынша, Қазақстан 188 мемлекет арасында 76-орында тұр. Бұл — біздің қазіргі ұстанымымыз бен әлеуетіміздің көрінісі.

Мемлекеттік дерекқорлар, Smart Data Ukimet цифрлық платформасы, жана суперкомпьютердің іске қосылуы және дамыған инфрақұрылым еліміздің мықты тұсы ретінде аталды.

Мұның бәрі Қазақстанның Орталық Азиядағы «озық» ел қатарынан өңірдің цифрлық көшбасшысына айналу кезеңінде тұрғанын айғақтайды. Сонымен қатар, Президент тапсырмасымен Digital Qazaqstan бірінғай тұжырымдамалық құжаты әзірленуде.

Жасанды интеллекттің дамыту дербес міндет ретінде емес, технологиялық прогрестің ұлттық стратегиясының ажырамас бөлігі, азаматтарымыздың тұрмысын жаксарту құралы ретінде қаралатынын атап өткен абзал. Президенттің сыртқы саясат саласындағы қызметі де ерекше назар аударуға тұрарлық.

Баршамыз алмағайып өзгерістердің куәсіміз. Мұндай жағдайда барлық елмен теңгерімді қарым-қатынас сақтай білу аса маңызды.

Мемлекет басшысының шетелдік әріптестермен тұрақты байланысы, өзара сапарлары, жоғары деңгейдегі кездесулері еліміздің халықаралық деңгейдегі беделін нығайтуға және ұлттық мүддені қорғауға бағытталған.

Біз Президенттің шетелдік көшбасшылармен бейресми қарым-қатынасын үнемі көріп жүрміз. Халықаралық күн тәртібіне терең үйілуі, дипломатиялық протоколды білуі, өңгімені екінші тарап тілінде жүргізе алуы басқа мемлекеттер тарапынан Қазақстанға деген қызығушылық пен сенім туғызады. Дәл осындай «галстуксыз» жүздесулер елдің тұрақты дамуына, шетелдік инвестициялардың келуіне кепіл болып отыр.

Халықаралық белсенділікпен бірге мемлекетіміз жаңғырудың жана кезеңіне қадам басты. Бұл сұхбаттың атауының өзі соны мензейді. Мемлекет басшысы жариялаған парламенттік реформа қоғамда талқыланып жатқан басты тақырыптың бірі болып отыр.

Конституциялық реформаның жана кезеңіне дайындық жұмысы қызу жүріп жатыр. Алдымызда референдум, Ата заңға кешенді түзетулердің тұтас жиынтығын енгізу ісі күтіп тұр. Жана Парламент тек партиялық тізім бойынша жасакталатыны белгілі. Қазіргі Мәжіліс — ел тарихындағы ең көппартиялы Парламент. Бүгінде бізде қоғамның өртүрлі жігін қамтитын алты партия жұмыс істейді.

Осы жылдары фракцияаралық диалог мәдениеті қалыптасты. Ол ел дамуының ең маңызды мәселелері бойынша дұрыс шешім қабылдауға септеседі. Біздің жиған тәжірибеміз болашақ бір палаталы Парламентке жаксы негіз болады деп сенемін. Сұхбатты оқып шыққанда Президент еліміздің дамуына бағытталған және кезең-кезеңімен халық тұрмысын жаксартатын біртұтас саясатты дәйекті түрде жүзеге асырып жатқанына тағы да көз жеткіземіз. Мемлекет басшысы алған бағыттан таймай, күллі қазақстандық үшін тең мүмкіндіктер елін құру жолында межелі максатқа қарай беттеп келеді.

Жалпы, Президенттің жана жылды халықпен емен-жарқын сұхбаттан бастауы азаматтардың ел тағдырынан өздерінің тыскары еместігін сезінуіне, тарихи процестердің тереңдігін ұғынуына, қабылданған маңызды шешімдерді Президентпен бірге байыптауына мүмкіндік береді.

Ал Мемлекет басшысының жеке қызығушылықтары, денсаулығы, әріптестерімен қарым-қатынасы, қарапайым адами тіршілігі жайындағы ой-толғаныстары халықты көшбасшысына етене жакындастыра түсетіні сөзсіз.

Қасым-Жомарт Кемелұлының осындай ашық әңгімесі оның адалдығын, терең парасаты мен жауапкершілігін, «Таза Қазақстан», «Адал Азамат», «Заң мен тәртіп» идеяларымен үндес құндылықтар иесі екенін көрсетеді.

6 ҚАҢТАР 2026 | СЕЙСЕНБІ

ОҚИТЫН ҚОҒАМ – ОЗЫҚ ОЙЛЫ МЕМЛЕКЕТ



Асхат БЕКБАЕВ,
*Ядролық физика институты
ЗРК ССР-Қ бас инженерінің орынбасары:*

ҚАЗАҚСТАННЫҢ АТОМ ЭНЕРГЕТИКАСЫН ТИІМДІ ИГЕРУГЕ ТОЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ БАР

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Қазақстан жанғырудың жана кезеніне кадам басты» атты сұхбатын үлкен қызығушылықпен оқып шықты. Онда еліміздің дамуындағы басым бағыттар, соның ішінде орнықты энергетика мәселесі айқын көрсетілген. Осыған байланысты Қазақстан үшін ядролық энергетиканың стратегиялық рөліне қатысты кәсіби пікір білдіруді маңызды деп санаймын.

Бүгінгі күні ядролық энергетика жай ғана электр энергиясының көзі емес. Бұл — энергетикалық тұрақтылықтың, технологиялық егемендіктің және ғылыми-инженерлік дамудың іргетасы. Қазақстан — әлемдегі ең ірі уран қорларына ие елдердің бірі ретінде және ядролық саладағы қалыптасқан инфрақұрылымның арқасында бейбіт мақсаттағы атом энергетикасын қауіпсіз және тиімді игеруге толық әлеуеті бар мемлекет.

Қазақстан Республикасында атом электр станциясын (АЭС) салу — объективті қажеттілік. Бұл — ел ішіндегі, әсіресе оңтүстік өңірлердегі электр энергиясына деген өсіп келе жатқан сұранысқа жауап және төмен көміртекті экономикаға өту жолындағы маңызды кадам. АЭС еліміздің энергожүйесін тұрақтандыруға, қазба отынға тәуелділікті азайтуға және парниктік газдардың шығарындыларын қысқартуға мүмкіндік береді.

Бұл үдерісте ғылыми-зерттеу орталықтарының рөлі айрықша. Ең алдымен, Алматы қаласындағы Ядролық физика институтын (ЯФИ) атап өткен жөн. Институт базасында жұмыс істейтін ССР-Қ зерттеу реакторы — ядролық технологиялар саласындағы ғылыми, оқу және қолданбалы жобаларды жүзеге асыруға арналған бірегей платформа. Бүгінде ол ядролық материалдар мен отынды сынау, медицина және өнеркәсіп үшін радиоизотоптар өндіру, ядролық энергетика саласының мамандарын даярлау, іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізу мақсаттарында табысты қолданылып келеді.

Институт ұжымы ядролық қондырғыларды пайдалану, ядролық және

радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, лицензиялау және халықаралық ынтымақтастық мәселелері бойынша жоғары кәсіби біліктілікке ие. Институт АЭХА (МАГАТЭ) және жетекші халықаралық ғылыми орталықтармен белсенді түрде ынтымақтастық орнатуда.

Бүгінде атом энергетика саласында кадрлар даярлау — басты басымдықтың бірі. Яғни, АЭС құрылысына апаратын жолдағы маңызды міндеттердің бірі — жоғары білікті кадрларды даярлау. Ядролық физика институты еліміздің университеттері мен техникалық жоғары оқу орындарымен бірлесе отырып, инженерлерді, операторларды, қауіпсіздік және радиациялық бақылау мамандарын даярлауға бағытталған оқу және тәжірибелік бағдарламаларға белсенді қатысуда.

АЭС құрылысы жүздеген жоғары білікті мамандарды қажет етеді. Біз Қазақстанның бұл міндетті шешуге толық дайын екеніне сенімдіміз. Ғылым, білім беру, өндіріс және мемлекет арасындағы тығыз үйлестіру жағдайында зерттеу инфрақұрылымын дамыту маңызды. Ең басты бағыттың бірі — жана зерттеу реакторын салу. Бұл АЭС үшін материалдарды сынау, изотоптар өндіру, ядролық отын циклінің тұйық технологияларын дамыту және басқа да ғылыми-қолданбалы міндеттер спектрін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Қазіргі заманғы ғылыми инфрақұрылымның болуы — ядролық энергетиканы қауіпсіз әрі тиімді дамыту үшін алғышарт. Біз Қазақстан тек энергия өндірумен шектелмей, осы саланың зерттеу бағытын да күшейтуге тиіс деп санаймыз.

Қорытындылай келе, Ядролық физика институты елдегі ядролық энергетиканы дамыту стратегиясын іске асыруға ғылым, білім және сарапшылық әлеуеті арқылы үлес қосуға толық дайын екенін атап өткім келеді. Біз технологиялық жаңғырту бағытын толығымен қолдаймыз және алдағы онжылдықтарда ядролық энергетиканың Қазақстан Республикасының энергетикалық теңгерімінде лайықты орын алатынына сенімдіміз.

Әлия ДАУЕШОВА,
*Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы
Мемлекеттік саясаттың ұлттық мектебі директорының
міндетін атқарушы:*

СЕНІМ БАР ЖЕРДЕ – ДАМУ БАР

Президенттің «Turkistan» газетіне берген сұхбатымен мұқият таныстым. Бұл сұхбаттың басты ерекшелігі — Президенттің қоғаммен ашық, тікелей және шынайы диалог жүргізуі. Мемлекет басшысы күрделі мәселелерді айналып өтпей, нақты мысалдармен, себеп-салдар байланысын көрсете отырып талдаған. Менің назарымды ерекше аударған тұсы — реформаларға қатысты жауапкершілікті қоғаммен бөлісуі. Президент тек «мемлекет осылай шешті» деп қана қоймай, сол шешімдердің салдары, оның ішінде теріс пайдаланулар да бар екенін ашық айтты. Бұл — саяси мәдениетті жоғары, кемшілікті жасырудан гөрі, оны мойындап, түзетуге ұмтылатын басқару стилінің белгісі. Сондай-ақ сұхбатта әлеуметтік саясат, жемқорлық, ұлттық қауіпсіздік, азаматтық жауапкершілік секілді өзара тығыз байланысты тақырыптар кешенді түрде қозғалды. Бұл сұхбатты бағдарламалық, яғни қоғамға бағыт-бағдар беретін маңызды саяси мәтін деп бағалауға болады.

Президент сұхбатында: «Мен кезінде баспана алу, балалардың оқу ақысын төлеу, емделу үшін зейнетақы жинағын пайдалануға рұқсат беру туралы шешім қабылдадым. Көбісі солай жасады, бұл шешімге ризашылықтарын да білдіріп жатты. Бірақ, әдеттегідей, стоматология қызметін көрсетеміз деген желеумен зейнетақы қорынан 200 миллиард теңгеден астам қаржы жұмдықтарған алаяқтар да табылды. Құқық қорғау органдары қазір бұл мәселемен айналысып жатыр. Осы медициналық қызмет түріне зейнетақы жинағын пайдалануға тыйым салуға тура келді. Бірақ басқа да қитұрқы тәсілдер пайда болды, тіпті, пластикалық отаға төлем жасайтындар бар» деп айтты.

Жалпы халықтың мұндай қадамға баруын біржақты бағалаудан сақ болған жөн. Менің ойымша, бұл құбылысты масылдықпен ғана түсіндіру жеткіліксіз, бірақ оның элементтері бар екенін де жоққа шығаруға болмайды. Біріншіден, зейнетақы жинағын пайдалану туралы шешім — әлеуметтік тұрғыдан қажет әрі уақыт талабынан туған қадам болды. Көптеген азаматтар баспана мәселесін шешті, балаларын оқытты, денсаулығын түзетті. Бұл — мемлекеттің азаматтарға сенім білдіруі.

Алайда екіншіден, осы сенімді жеке пайдасына, тіпті алаяқтық жолмен



Асан ОМАРОВ,
абайтанушы:

ЕТ ЖҮРЕКСІЗ ТІЛІҢНІҢ АЙТПА СӨЗІН...

Кешегі сөзінде Президентіміздің Абайды үлгі қылып,

өсиетіне сілтеуі өте орынды да, қуантарлық жәйт болды деп білемін. Сонымен, Мемлекет басшысының «Абай халқымыздың еңбеккер, білімпаз және адамгершілігі жоғары болғанын қалады» деген пікіріне келейік.

Бұл адами үш қасиет — жылы жүрек, нұрлы ақыл, ыстық қайратты еске салатын пайым. Жарым емес, бүтін адам болу сатысы. Осы айтылған «адам бол» идеясы Абай мұрасын көктей өтеді негізі. Мәселен, «Ет жүрексіз тіліңнің айтпа сөзін, Тіл үйренген қу нәпсіңнің тілін, Тілде сүйек, ерінде жиек бар ма, Шымылдық боп көрсетпес шыңның жүзін» деген ұлағаты — соның бірі.

Нәпсіге ермей, шыңға ұмтылу — имандылық көрінісі. Қазіргі қазақ қоғамына имандылық, Абай сөзіңше, адамды сүю, Алланың хикметін сезу жетпей жатқаны анық нәрсе. Абай көпірме сөз, көп мақтауды аямай сыңға алған. Себебі бұлар — жанды тән билеп алғанының көрінісі. Абай рухани

ұстаз, оның ілімі әлемдік биікте болуы осымен өз түсінігін табады.

«Тарихи деректерді бұрмалау, халыққа жасаған еңбегі күмәнді, яғни нақты мәліметтермен немесе құжаттармен дәлелденбеген адамдарды шамадан тыс ұлықтап көрсету — мен үшін мүлде ақылға қонбайтын нәрсе», — деп атап өтті Мемлекет басшысы. Шынымен де, тарихи деректерді бұрмалау, кейбір тұлғаларды жасанды көтермелеу — залалды әрекет. Жақсы адам деп басқаларға жақсылық жасаған адам деген тәмсіл бар. Тұлғаны бағалау критерийі осы болуға керек. Шындық, ғылымды емес, құрмет гизатты қуған адамдар қоғамды шатастырады. Жастар санасын улайды. Кім ақ жүрек, халықшыл болса, сол адамды үлгі қылу керек деген ойдамын. Пір тұтатын адамдар қазақта аз емес. Тарих сүзгісінен өтпей жатып көше беру, ескерткіш соғу жақсылыққа апармайды.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, отаншылдық деген ұлы сөзім жылтырақ сөзбен, жалған әрекетпен

Алмахан МҰХАМЕТҚАЛИҚЫЗЫ,
ақын, Жазушылар Одағының мүшесі:

МЕМЛЕКЕТШІЛ ТӘРБИЕЛЕУІМІЗ КЕРЕК



Абай ілімінің өзегін әркім әртүрлі түсініп жүр. Бірінші тарап, Абай осы күнге дейін айтылды, болды деп санайды. Ал екінші, менің көзқарасымдағы топ Абайды зерттеу енді басталды деп санайды. Өйткені Мұхтар Әуезов: «Абай мұхит болса, мен мұхиттан шөміштеп қана алдым», — демей ме?!

Абай — тұңғыық мұхит болса, біз сол тұңғыықтағы небір асыл қазыналарға әлі қол жеткізгеніміз жоқ. Қазіргі қоғамға керек көзқарастың барлығы Абайдың шығармаларында әлі күнге бар. Абайды әркім өз түсімінде түсінеді. Ал оның сөзін астарлап түсіну жоқ. Мысалы, Абай жиырма алтыншы қара сөзінде: «Біздің қазақтың қосқан аты алдында келсе, түсірген балуаны жықса, салған құсы алса, қосқан іті өзгеден озып барып ұстаса, есі шығып бір қуанады. Білмеймін, содан артық қуанышы бар ма екен? Әй, жоқ та шығар! Осы қуаныш бәрі де қазақ қарындастың ортасында бір хайуанның өнерінің артылғанына я бір бөтен адамның жыққанына мақтанарлық не орны бар? Ол озған, алған, жыққан өзі емес, яки баласы емес. Мұның бәрі — қазақтың қазақтан басқа жауы жоқ, биттей нәрсені бір үлкен іс қылған кісідей қуанған болып, ана өзгелерді ызаландырсам екен демек» дейді. Осы сөзі арқылы Абай көпірме сөз, көп мақтанды сынап, адамзатқа үлгі болатын қажетті айтып мақтануға шақырады. Қазір қоғамда өтірік атак пен медальді сатып алатындар бар. Олар көпірме сөз бен мақтан үшін адал еңбек еткен адамның алдына түсіп, абыройға жетсем дейді. Бұл мәселе де Абайдың қарасөзінде айтылған. Қаламгерлер арасында шығармасынан бұрын, өзінің атағы жер жаратындар бар. Ал кезінде біз «Менің атым Қожаның» авторын білмей-ақ басымызға жастана оқыдық. Бердібек Соқпақбаев еңбегіменен Соқпақбаев болып қалды. Атак пен мақтанға

қызықпаған. Әлі күнге дейін Бердібек Соқпақбаевқа жететін балалар жазушысы жоқ. Қазақта: «шындық шабарын кигенше, өтірік төрде отырады», «керуен кері айналғанда, ақсақ түйе алдыға шығады» деген макалы бар. Біз осылай Алаш арыстарынан Әлиханлы да, Ахметті де, Міржақыпты да жоғалтқанбыз. Бірақ өз заманында лайықты бағасын алмаған зиялыларымызбен енді қауышып жатырмыз. Менің ойымша, Астанада Алаш арыстарын насихаттайтын рухани орталық ашуымыз керек. Сонда болашақ ұрпақ, тарихты терінірек таныр еді. Президентіміз: «Біз болашаққа ұмтылған қоғам, біртұтас ұлт ретінде төл тарихымызды танып, оны қазқалпында қабылдай білуіміз керек. Бізге негізсіз аңыз-әңгімелердің еш қажеті жоқ, оның бәрі сана-сезімімізге кеселін тигізеді. Тарих жұртты дауластыратын, жауластыратын тақырып емес, керісінше, қоғамды ұйыстыратын құндылық болуға тиіс. Ойдан шығарылмаған, яғни ақиқатқа құрылған шежіре бізді тарихтан тағылым алып, кемшіліктерімізді түзетуге, сол арқылы болашаққа сеніммен қадам басуға үйретеді. Сондықтан біз Абайды және оның ой-толғамдарын кенінен дәріптеп келеміз. Ол қоғамдағы кемшіліктерді бүкпесіз айтып, «Толық адам» болуға бастайтын дұрыс жолды нұсқап кетті. Ұлы ойшылдың ұрпаққа қалдырған баға жетпес мұрасы саналатын «Қара сөздері» әлі күнге дейін өзекті болып отыр», — деп атап өтті. Сондықтан ұлттың руханиятына қызмет ететін орталық ашып,

Тенгеш ҚАЛЕНОВА,
т.ғ.к., қауымдастырылған профессор:

ОТАНШЫЛДЫҚ – ЖҮРЕКТЕ

Президент «Қазақстан жанғырудың жана кезеңіне кадам басты» тақырыбындағы сұхбатында 2025 жылдың басты нәтижелерін атап өтіп, еліміздің ішкі-сыртқы саясатына қатысты маңызды мәселелерге де кенінен тоқталды. Айтулы сұхбатта отаншылдық сезімі турасында былай дейді: «Меніңше, отаншылдық деген ұлы сезім жылтырақ сөзбен, жалған әрекетпен бағаланбауға тиіс. Нағыз отаншыл азамат жұрттың алдында кеудесін соғып көпірмейді, етегі жасқа толып еңіремейді, онды-солды сұхбат беріп ділмәрсімейді. Үндемей жүріп, үлкен іс бітіреді. «Айдағаны бес ешкі, ысықығы жер жаратынның» бәрі патриот емес. Отаншыл болу — туған елінің, отбасының игілігі үшін аянбай еңбек ету деген сөз». Расымен де, кез келген мемлекеттің тәуелсіздігінің беріктігі әр азаматтың отаншылдығында. Бұл — елдің тұрақтылығы мен дамуының негізгі қағидасын айқындайтын терең мағыналы тұжырым. Отаншылдық — туған жерге деген құр құрмет емес, ол мемлекеттің тағдырына жауапкершілікпен қарау, занды сақтау, адал еңбек ету және қоғамның дамуына үлес қосу арқылы көрінеді. Әрбір азамат елінің тыныштығы мен бірлігіне немқұрайлы қарамай, ортақ құндылықтарды қорғауға атсалысқанда ғана мемлекет мықты болады.

Алаш зиялысы Жүсіпбек Аймауытовтың «Ұлтты сүю» атты макаласында: «Ұлттың шын сүйіп, аянбай қызмет қылған азаматы көп жұрт күшті, өнерлі, білімді жұрт болып, күресте тең түсіп, басқаларға өзін елетіп отыр... Бұл уақыт — жан тыныштық іздейтін, қызық қуатын уақыт емес, қызмет қылатын, еңбек сіңіретін уақыт. Ойланғыздар: халық біз үшін емес, біз халық үшін туғанбыз, олай болса, мойынымызда халықтың зор борышы, ауыр жүгі жатыр», — деп айтқаны бар. Жүсіпбек Аймауытовтың бұл пікірі бүгінгі күнде де өз маңызын жойған жоқ. Ол ұлттың дамуы әр азаматтың сана-сезіміне, отаншылдығына, еңбегі мен адалдығына тікелей байланысты екенін көрсетеді. Осындай идеялар арқылы Алаш зиялылары ұрпақты елге қызмет етуге, халық мүддесін бәрінен биік қоюға шақырды. Бұл — бүгінгі тәуелсіз Қазақстан үшін де өзекті, тағылымы терең ой.

Отаншылдықты ұраншыл, декларативті құбылыс емес, күнделікті еңбекпен, жауапкершілікпен, тәртіппен, табиғатты аялаумен, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетумен байланыстыру қажет. Осы тұрғыда Президенттің «Отан отбасынан, аулаңнан, көшеннен басталады» деген тұжырымы халықтық дүниетанымдағы «Тәрбие — тал бесіктен» қағидасымен терең үйлеседі. Бұл бағытта ұлттық құндылықтарды

жаңғыртуға арналған ғылыми-зерттеу жұмыстарының да маңызы зор. Атап айтқанда, BR28713029 «Қазіргі ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы халық шығармашылығының әлеуметтік рөлін зерттеу: рухани мәдениетті өзгерту және қайта құру» атты ғылыми бағдарлама аясында халық шығармашылығының мүмкіндіктері арқылы Қазақстан халқының бойында отаншылдық сезімді, ұлттық бірегейлікті нығайтуға бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Бұл бастамалар рухани құндылықтарды қазіргі заман талабына сай жанаша түсіндіруге және қоғам санасында орнықтыруға ықпал етуде. Халық шығармашылығы қоғам мүшелерін заң мен тәртіпке бағынуға, еңбекқорлыққа, сабырлық пен бірлікке тәрбиелейді. Бұл қазіргі жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті сақтаудың әрі жаңғыртудың тиімді әлеуметтік механизмі болып табылады. Сонымен қатар Президенттің «Бірлігіміз — әралуандықта» қағидатын алға тартуы халық шығармашылығының мультикультуралық қоғамдағы интеграциялық рөлін көрсетеді. Қазақ халқының ауыз әдебиеті мен салт-дәстүрінде төзімділік, татулық, өзара құрмет идеялары басым. Демек, халық шығармашылығы қазіргі рухани мәдениетті трансформациялауда тек өткеннің мұрасы емес, қазіргі ұлттық бірегейлікті қалыптастыратын, қоғамды біріктіретін маңызды әлеуметтік ресурс ретінде қызмет етеді. Осы тұрғыдан алғанда, Президент сұхбатындағы оғайлар мемлекеттің беріктігі тек экономикалық қуатпен немесе саяси жүйемен өлшенбейді. Ол ең алдымен әр азаматтың жүрегіндегі елге деген сүйіспеншілікпен, жауапкершілікпен және белсенді азаматтық ұстанымымен қалыптасады.

МАҚСАТ – ОРТАҚ, МҮДДЕ – БІР

Мемлекет басшысы жаңа Салық кодексін өз сұхбатында заманауи қоғамдық келісім деп атады. Демек, бұл реформа жай ғана заңнамалық өзгеріс емес, мемлекет пен қоғам арасындағы қарым-қатынастың жаңа деңгейге өрлеуі. Өйткені салық – азаматтың мемлекетпен байланысын айқындайтын басты механизм. Қоғамда салық мәдениеті қалыптасса, жауапкершілік те, талап та жоғары болады. Елімізде атқарылып жатқан өзге де реформалардың нәтижесі қандай болмақ, ел экономикасы бытыр қабылданған өткір шешімдерден биыл оң нәтиже көре ме? Сала сарапшыларының осы тақырып төңірегіндегі пікірін саралап көрдік.

А Кәмила ДҮЙСЕН

Салық жүйесін жанарту, инфрақұрылымды қайта құру, экономиканы әртараптандыру, ауыл шаруашылығындағы теңсіздікті азайту — мұның бәрі бір-бірінен бөлек бастамалар емес, бір логикалық тізбектің буындары. Қоғамда дәл осы салық мәдениетінің қалыптасуын экономист Бауыржан Ысқаков ел тұрмысының түзелуімен тікелей байланыстырады.

— Президент Салық кодексін заманауи қоғамдық келісім деп бағалады. Яғни, салықты тек міндет ретінде емес, қоғамға қосылатын үлес, инфрақұрылым мен әлеуметтік қызметтердің қаржылық негізі ретінде қабылдайтын мәдениет қалыптасуы қажет. Мұндай көзқарас азаматтардың кіріс деңгейіне, экономикалық белсенділігіне тікелей тәуелді. Тұрмысы тұрақты, еңбек өнімділігі жоғары елдерде салық мәдениеті жасанды түрде емес, табиғи жолмен орнығады, — дейді экономист.

Ал тәуелсіз сарапшы Айбар Олжай биыл мемлекет қоғамды жаңа келісіммен жұмыс істеуге шақырып отырғанын алға тартуда.

— Жаңа қоғамдық келісімнің өзегі — салықты барша азаматтың әділетті төлеуі және жиналған қаражаттың әділетті бөлінуі. Бұл үдерісте қоғамның араласуға толық құқы бар. Кім салық төлесе, сол азамат салықтың қалай жұмсалып жатқанын сұрауға, талап етуге құқылы. Байлар көбірек, жағдайы төмен азаматтар азырақ төлейді. Қазір ахуал түбегейлі өзгерді. Бұған дейін біз Н.Назарбаев кезеңінде қалыптасқан бейресми келісіммен өмір сүрдік: барлығына бірдей қаржы бөлінеді, азаматтар билікке араласпайды, ал мемлекет салық төлемегенге көз жұма қарайды, бизнестің ішкі істеріне көп араласпайды. Алайда бұл келісім әділетті болған жоқ. Салықтан көпшілігі жалтарды, мұнай табысына иек арту әдетке айналды, олигархтар байыды, ал халықтың әлеуметтік мүмкіндіктері шектеле берді. Бюджеттің әлеуеті әлсіреп, мемлекеттің даму ресурсы таусыла бастады. Әрі қарай да осылай жалғасу мүмкін емес еді. Мұнай бағасы бұрынғыдай барреліне 120 доллар болып, барлық мәселемізді жауып тастайтын ресурс емес. Сондықтан енді ел қазынасына түскен әрбір теңгені дұрыс жинақтап, оны халыққа әділетті түрде қайта бөлу — басты міндетке айналды, — дейді ол.

Іс жүзінде бұл жаңа қоғамдық келісім 2026 жылдың алғашқы күнінен бастап күшіне енді деуге болады. Себебі жаңа Салық кодексі және онымен қатар жүретін

реформалардың барлығы осы жылдан бастап іске қосылды. Демек, қоғамда салық мәдениетін қалыптастыру — біз үшін мызғымас міндет, шартты түрде айтқанда, Б нүктесі болып табылады.

— Дамыған батыс елдерінің барлығы осы мәдениеттің арқасында бүгінгі деңгейге жетті. Салық төлеу әрбір азаматтың басты парызы болса, салықтан жалтару ең ауыр қоғамдық қылмыстардың бірі ретінде қабылдануға тиіс. Өйткені бұл — қоғамның ортақ қаржысын жасырып қалу деген сөз. Салық мәдениетінің мәні де осында. Ол — мемлекеттің институционалдық ішкі процестерін, әл-ауқатын ұстап тұрған негізгі тірек. Салық мәдениеті қалыптаспаған ел, шын мәнінде, мемлекет бола ала ма деген заңды сұрақ туады. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстанда жабайы капитализм кезеңі артта қалып, заң мен тәртіпке негізделген институционалдық орта қалыптасып келеді деуге негіз бар. Бұл елдің беріктігін арттыруға мүмкіндік береді. Барша азаматтың салық төлеуі бюджет кірісін ұлғайтып қана қоймай, әлеуметтік қолдаудың да кенеюіне жол ашады. Қоғамда ережелер ашық әрі түсінікті болады. Салық заңдылығы сияқты өзге де фискалдық заңдар толыққанды жұмыс істей бастайды. Жалпы алғанда, қоғамда салық мәдениетінің қалыптасуы ел тұрмысының жақсаруымен тікелей байланысты, — дейді сарапшы.

Алайда бұл реформалардың нәтижесін бірден сезіну мүмкін емес. Айбар Олжай ол үшін кем дегенде бір толық фискалдық жыл өтуі қажеттігін алға тартып отыр. Оның айтуынша, 2026 жыл — алғашқы фискалдық жыл, демек, 2027 жылдың наурыз айынан кейін ғана біз бүгінгі реформалардың нақты нәтижесін көре аламыз: бюджетке қанша қаражат түсті, ол қалай бөлінді, қоғамда салық мәдениеті қалыптасты ма, әлде бәрі бұрынғыдай көленкеге кетіп қалды ма — осы сұрақтарға сол кезде ғана жауап беріледі.

Сарапшы Президент сұхбатына арқау болған «орташа табыс қақпаны» жайына да тоқталып өтті. Ол өткен жылы осы тұзақтан шығуға еліміз алғашқы қадам жасағанын айтты.

— «Орташа табыс қақпаны» — Дүниежүзілік банк методологиясында экономистер енгізген ұғым. Егер бір ел ұзақ жылдар бойы 5 пайыздан аспайтын мардымсыз өсіммен шектеліп қалса, бұл оның ішкі реформалық әлеуеті таусылғанын, тек күнкөріс экономикасына тірелгенін білдіреді. Қазақстан соңғы он жыл бойы осы орташа табыс қақпанына түсіп қалды. Мұнай бағасы өскен сайын экономика сәл ғана қозғалады, кейін қайта баяулайды. Осылайша, сапалы

серпіліссіз 5 пайыздың маңайында қалып қойды. Бұл тұзақтан шығу қажет болды. 2025 жылы біз одан шықтық деп айтуға негіз бар, енді оны 2026 жылы дәлелдеуіміз керек. Ол үшін экономикалық өсім 5 пайыздан жоғары болуы шарт. Биыл жылды 6,4 пайызбен аяқтадық. Егер 2026 жылы да 5 пайыздан жоғары өсімді сақтай алсақ, онда орта табыс тұзағынан шығып кеттік деп сенімді түрде айтуға болады. Шығудың басты жолы — экономиканы мұнайға тәуелді етпей, жоғары өсім көрсететін секторларды дамыту. Өткен жылы мұндай сектор ретінде логистика мен көлік саласы алынды. Алайда бұл нақты өнім емес, қызмет көрсету саласы болғандықтан, 2026 жылдың басты драйвері ретінде өңдеу өнеркәсібін алға шығару қажет. Үкімет бұл бағытты өз бағдарламаларында жариялап та үлгерді, — деді Айбар Олжай.



Ал экономист Бауыржан Ысқаков мұндай тұзаққа тұтас ел ғана емес, қарапайым азаматтар да түсіп қалып жататынын жоққа шығармады. Дегенмен сарапшы одан шығар жолдың кілті де тиімді шешімдер мен уақыт талабына сай қабылданып жатқан түрлі реформаларда екенін айтты.

— Орташа табыс тұзағына азаматтардың қалай түсіп қалатынына келсек, кейде кіріс белгілі бір деңгейден асса, қосымша салық төлеу қажеттілігі туындайды. Табыс артпаса, ал шығын өссе, экономикалық белсенділік те әлсірейді. Сондықтан бұл жағдайдан шығу үшін табысты арттыруға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды күшейту, кәсіпкерлікке оқыту, қосымша табыс көздерін қалыптастыру, мемлекет ұсынатын салықтық шегерімдерді тиімді пайдалану және кейбір әлеуметтік жеңілдіктерді қайта енгізу бағыттарын кеңейту қажет, — дейді маман.

Расымен де, бұл қақпаннан шығудың басты жолы — экономикалық құрылымды өзгерту. Бір ғана ресурсқа тәуелділіктен арылып, жоғары қосылған құн қалыптастыратын салаларды дамыту қажет. Яғни, жаңа жұмыс орындарының пайда болуы, жалақының өсуі, шағын және орта бизнестің кенеюі — осының барлығы орташа табыс қақпанынан шыққанның белгісі болмақ.

Ал инфрақұрылымды жаңғырту — осы өзгерістердің өзегі. Инфрақұрылым жоқ жерде экономикалық белсенділік те болмайды.

— Инфрақұрылымды жаңғырту — ең алдымен, біздің қауіпсіздігіміз. Оның экономикалық белсенділікке мультипликативті әсері бар. Жаңа нысандар салынғанда тапсырыстар көбейеді, аймақтарда қозғалыс пайда болады. Ал ұзақмерзімді тұрғыдан алғанда, инфрақұрылымды жанарту — халықтың қыста сусыз, жылысыз қалмауы үшін, ішкі қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қажет, — дейді Айбар Олжай.

Экономист Бауыржан Ысқаковтың сөзінше, инфрақұрылымға салынған инвестиция экономиканың дамуына мультипликативті әсер ететін негізгі драйвер болып табылады. Жолдар, теміржол желілері мен логистикалық жүйе жаңғырған кезде ішкі сауда көлемі ұлғаяды, өндіріс пен қызмет

көрсету салалары жанданады. Аймақтардағы кәсіпкерлік белсенділік артады.

— Мәселен, Достық — Мойынты теміржол желісі мен 13 мың шақырым автожолдың салынуы елдің транзиттік әлеуетін күшейтіп, инвестиция тарту мен экспорт көлемінің өсуіне тікелей ықпал етіп отыр. Сол секілді логистика да — экономиканың барлық саласына жанама әсер ететін жүйе. Құрылыс, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, сауда мен қызмет көрсету салаларының барлығы логистикаға тәуелді. Қазақстанда жаңа теміржол желілерінің іске қосылуы, жол инфрақұрылымының кенеюі мен жеңілдетілуі транзиттік әлеуетті арттырды. Соның нәтижесінде халықаралық саудаға қатысу мүмкіндігі де күшейе түсті. Бұл көрсеткіштер логистика саласының соңғы жылдары айтарлықтай алға жылжып келе жатқанын көрсетеді, — дейді Бауыржан Ысқаков.

Экономиканың өзге де салаларына мультипликативті әсері бар саланың бірі — логистика. Айбар Олжай аталмыш сала өткен жылдың негізгі трендіне айналып үлгергенін алға тартты. Өйткені Ресейден өзге бағыттарды іздеген елдердің тасымал маршруттары Қазақстан арқылы өте бастады. Сарапшы соның нәтижесінде салада айтарлықтай өсім байқалғанын алға тартты:

«Енді осы қарқынды бәсеңдетіп алмау үшін жаңа транзиттік тораптарды дамыту қажет. Иран бағыты дұрыс жұмыс істесе, Парсы шығанағының әлеуеті жоғары. Ақтау мен Құрық бағыттарын күшейту де қосымша мүмкіндіктер ашады. Сонымен қатар Мойынты — Қызылжар теміржол желісіне де үміт зор. Егер бұл жоба іске қосылса, логистика саласы биыл да жоғары нәтижелерге қол жеткізуі әбден мүмкін».

Алайда экономикалық өсім барлық салаға бірдей әсер етпей отырғанын мойындау керек. Президент өз сұхбатында ауыл шаруашылығында ірі ойыншылар күшейіп, аграрлық олигархтар қалыптасқанымен, шағын шаруалар әлі де жүйден тыс қалып келе жатқанын сөз етті. Мысалы, Мемлекет басшысы соңғы он жылда шаруаларға көрсетілген қолдаудың көлемі 10 есе артқанымен, оның тиімділігі күмән тудыратынын айтып, енді басқа бағыттардағы жұмысты күшейту қажет екенін тапсырды.

— Ауыл шаруашылығына келсек, бұл саланы дамыту үшін талай рет түрлі тәсіл қолданылды. Субсидиялау жүйесінің атауы да, мазмұны да 7-8 рет өзгерді. Бірақ мәселе сол күйі шешілмей келеді. Себебі салада инклюзивтілік төмен, фермерлер бір-бірінен алшақ орналасқан, кооперация әлсіз, ақпаратқа қолжетімділік шектеулі. Ұран көп, бірақ нақты мемлекеттік қолдауды алып, оны тиімді пайдаланып отырған шаруалар әлі де аз. Осы түйткіл шешілмейінше, агросектордың толыққанды серпілісі туралы айту қиын, — деп қорытты сөзін сарапшы Айбар Олжай.

Дегенмен экономист Бауыржан Ысқаков аграрлық олигархтардың қалыптасуы жағдайында шағын шаруаларға көрсетілетін қолдау бұрыннан жеткіліксіз болғанын айтып отыр.

— Биыл бұл мәселе түбегейлі шешіледі деп айту қиын. Дегенмен оң нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін бірнеше бағыт бар. Қаржылық қолдауды күшейту, субсидиялар мен жеңілдетілген несиелерді қолжетімді ету, мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін арттыру, ауылдық өңірлерде жол, су қоймалары мен ауыл шаруашылығы техникасымен қамтамасыз ету — соның бір бөлігі. Сонымен қатар агроөнімдерді нарыққа шығаруға жағдай жасау, яғни өнімді өңдеуші зауыттарға қосу, логистика арқылы қалалар мен экспорт нарығына жеткізу шағын шаруалардың экономикалық белсенділігін арттырып, аграрлық сектордағы теңсіздікті азайтуға мүмкіндік береді. Президенттің осы жолғы сұхбатында дәл осындай экономикалық бағыттардың кенінен қамтылуы қоғам үшін маңызды әрі үміт сыйлайтын қадам болды, — деп маман өз пікірін түйіндеді.

Қорытындылай айтқанда, бүгінгі реформаларды бір-бірінен бөле-жарып қарау мүмкін емес. Өйткені барлығы да — ортақ мақсатқа бағытталған жүйелі өзгерістер. Сол себепті де салық мәдениеті әділетті қоғамның негізі, инфрақұрылым экономикалық өсімнің тірегі, логистика осы өсімді қозғалысқа келтіретін тетік, ал ауыл шаруашылығындағы теңдік әлеуметтік тұрақтылықтың кепілі деуге толық негіз бар.

ҚАЙТАРЫЛҒАН АКТИВТЕР ЕЛ ИГІЛІГІНЕ ЖАРАП ТҰР

Заңсыз сыртқа шығарылған активтер ел игілігіне жарады. Мемлекет пен қоғамды алаңдатқан бұл мәселе оң шешімін тауып, өз нәтижесін беруде. Әйтсе де, тоқмөйлсуге әсте болмайды.

А Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Мемлекет басшысы Turkistan газетіне берген сұхбатында қайтарылған активтер төңірегіндегі сауалға жауап беріп, бұл бағыттағы қордаланған түйткілдерді тарқатқан болатын. Қайтарылған активтер әлеуметтік нысандарға бөлініп, инфрақұрылым жанауына септесіп, әуежайлар жаңғыртылып жатыр деді. Ең бастысы, бұл жұмыс жалғасып, ашық жүргізілуге тиіс екендігін жеткізді.

— Заңсыз активтерді елге қайтару жөніндегі комитет үлкен жұмыс атқарып, олигополия өкілдерінен 1,3 триллион теңгеден астам қаржы өндіріп алды. Соның 1 триллион теңгеден астамы мемлекет қазынасына түсті. Арнайы мемлекеттік қордағы қаражат есебінен елімізде жалпы құны 482 миллиард теңге болатын 434 әлеуметтік және коммуналдық нысан салынып жатыр. Оның қатарында 227 сумен қамтамасыз ету, 183 денсаулық сақтау, 11 білім беру, 5 спорт, 8 инфрақұрылым нысанының құрылысы бар. Сондай-ақ Павлодар, Арқалық, Балқаш қалаларындағы әуежайлар жаңғыртылып жатыр. Жұмыс жалғаса береді. Активтерді сараптап, оның заңдылығын анықтау құзырлы органдардың күнделікті қызметінің бір бағытына айналды. Ең бастысы, барлық жұмыс ашық әрі әділ болуға тиіс. Енді бұл шаруаны бір орталықтан

үйлестіріп жүргізудің қажеті жоқ. Жұмыс бір қалыпқа түсті. Сондықтан алға қадам басып, инвесторлардың құқығын қорғауға баса мән беретін кез келді, — деді Президент. Бас прокуратураның дерегіне сүйенсек, бұған дейінгі 2023 жылы 760 миллион теңге қайтарылса, 2024 жылы 428,7 млрд заңсыз активтер мемлекетке қайтарылған. Жақындағы Жолдаудағы тапсырмаға сәйкес, Заңсыз активтерді қайтару жөніндегі комитетінің атауын Инвесторлардың құқығын қорғау жөніндегі комитет деп өзгерту қолға алынды.

Бас прокуратура дерегінше, жалпы құны 1,3 трлн теңгеден асатын ұрланған және шетелге шығарылған активтерді қайтару бойынша шаралар қабылданып, оның 1 трлн теңгеден астамы мемлекет пайдасына нақты түсті, яғни 928,6 млрд теңгесі қаражат түрінде, ал 107,7 млрд теңгесі мүлік түрінде қайтарылыпты. Тек мүлік пен қаржыны қайтарып қана қоймай, «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» заңның субъектілері жалпы құны 5,2 трлн теңгені құрайтын ірі инвестициялық және әлеуметтік жобаларды кезең-кезеңімен іске асырып жатыр. Қайтарылған қаражат есебінен білім беру, денсаулық сақтау, спорт салаларында, сондай-ақ коммуналдық және инфрақұрылымдық нысандарды жаңғырту бағытында бүкіл ел бойынша, әсіресе шалғай елді

мекендерде 434 нысанның құрылысы қаржыландырылған. Демек, ілгерілеу бар деген сөз.

Қайтарылған активтерді әлеуметтік және коммуналдық нысандарға бағыттау — қоғам үшін маңызды әрі қажет қадам. Алайда ел экономикасының ұзақмерзімді әрі тұрақты өсуі үшін бұл қаржылар тек тұтынушылық емес, табыс әкелетін салаларға да салына, нұр үстіне нұр деп есептейді білікті экономист Бексұлтан Ысқаков.

— Біріншіден, өндіріс пен өңдеу өнеркәсібі. Қосымша құны жоғары өнім шығаратын зауыттар мен кәсіпорындар экономиканы нақты өсіреді, жұмыс орындарын ашады және бюджетке тұрақты салық түсімін қамтамасыз етеді. Екіншіден, шағын және орта бизнеске (ШОБ) қолдау. Қайтарылған қаржыларды жеңілдетілген несиесі, кепілдік немесе инвестициялық қорлар арқылы ШОБ-қа бағыттау ішкі нарықты жандандырып, кәсіпкерлік белсенділікті арттырады. Үшіншіден, инфрақұрылымдық жобалар, бірақ жай құрылыс емес, экономикалық қайтарымы бар инфрақұрылым: логистика, қойма кешендері, индустриялық аймақтар, инженерлік желілер. Мұндай жобалар жеке инвестицияны тартуға негіз болады. Төртіншіден, білім мен технологияға инвестиция. Техникалық білім беру, IT, инженерлік кадрлар даярлау, стартаптарды қолдау — ұзақ мерзімде елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыратын ең тиімді бағыттардың бірі. Қайтарылған активтерді әлеуметтік қажеттіліктер мен экономикалық өсім беретін салалар арасында теңгерімді



түрде бөлу маңызды. Сонда бұл қаражат біртөттік шығын емес, ел экономикасына жұмыс істейтін тұрақты капиталға айналады, — дейді экономист.

Мәжіліс депутаты Ұнзила Шапақ активтердің елге қайтарылуын, халықтың әл-ауқатын жақсартуға сеп болып жатқандығын құптады. Сонымен қатар бұл салада заңмен қатар идеологиялық һәм моральдық жауапкершілікті де күшейту керектігін алға тартады.

— Халықтың мүлкін қорғау және мемлекетшілдік сананы нығайту — тек құқықтық емес, ең алдымен идеологиялық қор моральдық мәселе. Бұл ұстанымды қалыптастыру үшін қоғамда «мемлекеттік қызмет — жеке пайда табу құралы емес, елге қызмет етудің аманаты» деген түсінік орнығуы қажет. Біріншіден, әділдік қағидалының мызғымастығы қамтамасыз етілуге тиіс. Заңсыз иемденілген активтердің қайтарылуы және оның ел игілігіне жұмсалуды қоғамға мемлекет халықтың мүддесін қорғай алатындығын көрсетеді. Екіншіден, ашық ақпараттық саясат және азаматтардың шешім қабылдау үдерісіне

қатысуы жауапкершілік пен сенім қалыптастырады. Қайтарылған активтердің нақты жобаларға бағытталуы және оның нәтижесі туралы деректердің тұрақты жариялануы қоғамда ортақ меншікке деген жауапкершілікті арттырады. Сонымен бірге тәрбие мен білім беру жүйесінде адал еңбек, заңға құрмет және отансүйгіштік құндылықтарын жүйелі насихаттау ұзақмерзімді идеологиялық негіз қалыптастырады, — дейді депутат.

Токетері, енді ерікті түрде қайтарылған активтер заңсыз деп танылмайтын болды. Бұл жөнінде Сенат «Заңсыз қайтарылған активтер туралы» заңды қайта қарап, өзгертулер мен толықтырулар енгізіп, мақұлдады. Арнаулы мемлекеттік қор ашық тұр. «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» арнайы заң да қолданыста. Мемлекет байлығын күмән тудыратындармен 5 млн теңгеге келісім де жасасты. Бұған дейін негізгі бағыт әлеуметтік сала болса, бұдан бұлай инвестициялық бағытқа баса мән берілмек. Токетер түйінін айтқанда, халқымыз «қайтқан малда қайыр бар» деп текке айтпаса керектігі.

БАҒДАР

6 ҚАҢТАР 2026 | СЕЙСЕНБІ

ЭКОПАРК ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ



Парламент Мәжілісінің депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Данабек Исабек Шымкент қаласына жасаған іссапары аясында Достық шағын ауданында жаңадан құрылып жатқан экопарк аумағында болып, атқарылып жатқан жұмыс барысымен жете танысты.

Қала әкімінің тапсырмасына сәйкес жобаға шамамен 37 гектар жер бөлініп, бұрынғы қоқыс полигонының орны кезек-кезеңімен экологиялық демалыс аймағына айналдыру жұмысы жүріп жатыр. Аумақ «А.Асқаров атындағы Шымкент мемлекеттік дендрологиялық саябағы» мемлекеттік коммуналдық казыналық кәсіпорнының қарамағына бекітілген. Мекеме директоры Есдәулет Достияровтың айтуынша, құрылыс және көгал-

дандыру жұмысы белгіленген жоспарға сай іске асып жатыр. – Құрылыс жұмысы былтыр басталды. Бүгінде 4 500-ден аса сәндік ағаш-бұта түрі жеткізілді. Соның ішінде 2 600-ден

астамын отырғызып үлгердік. Негізінен, акация, шаған, емен, катальпа, шетен, қарағаш, терек, сафора, жөке, үйеңкі, кармала, жиде секілді жай жапырақты ағаштарды отырғыздық. Барлық көшетті сумен толық камтамасыз ету үшін су жүйесі жүргізілді, көгалдандыру жұмысы жалғасып жатыр, — деді мекеме басшысы.

Мәжіліс депутаты Данабек Исабек жұмыс барысын оң бағалап, мұндай экологиялық жобалардың қаланың экожүйесін жақсартумен қатар, тұрғындар үшін қолайлы демалыс орнын қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын айтты. Жауапты азаматтар экопарк құрылысы демеушілердің қолдауымен жүзеге асып жатқанын жеткізді. Алда кәсіпкерлердің көмегімен бұл аумақта қосымша инфрақұрылымдық және әлеуметтік жобаларды іске асыру жоспарланып отыр.

Жаңа экопарк Шымкент қаласының экологиялық ахуалын жақсартып қана қоймай, қала тұрғындары мен қонақтары үшін жайлы әрі заманауи демалыс орнына айналмақ.



ДАРИЯНДА СПОРТТЫҚ КЕШЕН АШЫЛДЫ



«AMANAT» партиясының 2023-2027 жылдарға арналған Сайлауалды бағдарламасы аясында Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданы Дариян ауылында халықтың көптен күткен денешынықтыру-сауықтыру кешенінің салтанатты ашылу рәсімі өтті. Іс-шараға Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Қалияр Айтмұхамбетов, «AMANAT» партиясы Батыс Қазақстан облыстық филиалының атқарушы хатшысы Азамат Сафималиев, Бәйтерек ауданының әкімі Марат Тоқжанов, спорт саласының ардагерлері, ауыл тұрғындары мен қонақтары қатысты.

Сыйымдылығы 150 орындық спорттық нысан барлық қажетті құрал-жабдықпен жабдықталған, әр бағыттағы спорт түрімен шұғылдануға бар мүмкіндік қарастырылған.

— Ашылып жатқан спорттық кешен — ауыл халқының көптен күткен әлеуметтік маңызы бар нысандарының бірі. Саламатты өмір салтын ұстануды насихаттау мақсатында өңірімізде бірқатар спорттық нысан бой көтерді. Бұл Мемлекет басшысының алға қойған негізгі міндеттемелері — ауыл халқының тұрмыс сапасын арттыруды іске асырудағы маңызды қадам. Осы ғимараттан тәрбиеленіп шыққан көптеген ауыл спортшысы еліміздің туын биікке көтерер спорттық сайыстарда жеңімпаз атанады деп сенеміз! — деді облыс әкімінің орынбасары Қалияр Айтмұхамбетов.

ӨҢІР МЕКТЕПТЕРІ ГҮЛДЕНІП КЕЛЕДІ

Ақмола облысында ескі және апатты жағдайдағы мектептерді жою бойынша жүйелі шаралар іске асып жатыр. «AMANAT» партиясының жол картасы аясында Сандықтау ауданының Петровка ауылында жаңа заманауи мектеп жұмыс істеп тұр. Оқу орны заманауи жиһазбен және құрал-жабдықтармен толық жабдықталған, балалардың білім алуы мен жан-жақты дамуына қолайлы әрі қауіпсіз жағдай жасалған.

Сонымен қатар Зеренді ауданының Симферополь орта мектебіне кәсіпкер, «AMANAT» партиясының белсенді мүшесі, осы ауылдың тумасы Асқар Байқанов LED-экран тарту етті. Кәсіпкер бұған



дейін 2021 жылы мектепке спорт кешенін салып берген, оқушылардың спорттық ойындарға қатысуына әрдайым қолдау

көрсетіп келеді. Ал «AMANAT» партиясының облыстық филиалы мектепке ұлттық музыкалық аспаптар сыйға тартты.

«AMANAT» партиясының «Қарызсыз қоғам» партиялық жобасы аясында атқарылған жұмыстар қорытындыланды. Басқосуға «AMANAT» партиясы Шымкент қалалық филиалының төрағасы Мұрат Жолдыхожаяев, атқарушы хатшының орынбасары Ербол Байқонысов, аудан әкімдерінің жауапты орынбасарлары, жобаны жүзеге асыруға тікелей атсалысқан мамандар, қалалық және аудандық партия филиалдарының қызметкерлері қатысты.

«ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМ» ЖОБАСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР



Жиында Мұрат Жолдыхожаяев белсенді еңбек етіп, жобаның табысты іске асуына үлес қосқан азаматтарға ризалығын білдіріп, бірқатар маманды «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошановтың және өз атынан алғысхатпен марапаттады, қала әкімінің алғысхаттарын да табыстады.

«Шымкент қаласында «Қарызсыз қоғам» жобасының ауқымы едәуір кеңейді. Қала тұрғындарының жобаға деген қызығушылығы артып келеді. Бүгінде бұл бастаманың қоғамдағы өзекті мәселелерді шешуге нақты ықпал етіп отырғанына

на көз жеткіздік», — деді партия филиалының Төрағасы.

Жалпы, жобаны жүйелі әрі сапалы іске асыру мақсатында партия және әкімдік тарапынан арнайы жобалық команда бекітіліп, қалалық «AMANAT» партиясы ғимаратында жобалық кеңсе ашылған еді. Сол ұжым 2024 жылы қалада «Қарызсыз қоғам» жобасына 12 мыңнан аса тұрғынды қатыстырып, жоспарды 14 пайызға артығымен орындаған. Жобаның негізгі мақсаты — қиын қаржылық жағдайға тап болған, әлеуметтік осал топтағы тұрғындардың тұрмысын жақсартуға нақты көмек көрсету.

РИДДЕРДЕ ЗАМАНАУИ АУРУХАНА БОЙ КӨТЕРДІ

«AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында Шығыс Қазақстан облысының Риддер қаласында салынған заманауи көпсалалы аурухана кешенінің құрылысы толығымен аяқталды. Жаңа медициналық кешеніне 200 төсек-орынға арналған стационар және бір ауысымда 500 адамды қабылдай алатын емхана кіреді. Жобаның жалпы құны 34,8 млрд теңге болған. Аурухана кешенінің құрылысы Қазақстан Республикасының «Заңсыз иемделген активтерді мемлекетке қайтару туралы» заңы аясында бөлінген қаражат есебінен жүргізілген.

Жаңа медициналық нысанды Шығыс Қазақстан облысының әкімі Нұрымбет Сақтағанов пен Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова аралап, жұмысымен танысып шықты.

— Риддер қаласында бой көтерген заманауи көпсалалы аурухана кешені — партияның сайлауалды бағдарламасының нақты нәтижесі. Бұл бюджет қаражатының мақсатты әрі тиімді игерілуін камтамасыз етуге бағытталған нақты қадам. Сонымен



Жалпы ауданы 40 мың шаршы метрден асатын ұшақабатты ғимарат қажетті заманауи медициналық құрал-жабдықтармен толық камтамасыз етілген. Кешен құрылымында тәулік бойы жұмыс істейтін стационар, күндізгі бөлім, паллиативтік көмек, консультативтік-диагностикалық және алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету қызметтері қарастырылған.

Аталған нысанның құрылысы басталған сәттен бастап толық аяқталғанға дейін «AMANAT» партиясының партиялық бақылау комиссиясының мүшелері мен барлық деңгейдегі депутаттардың тұрақты бақылауында болды. Құрылыс жұмысының сапасы, мерзімінде орындалуы және жобалық талаптарға сәйкестігіне жүйелі түрде мониторинг жүргізілді.

қатар аурухана құрылысына қажетті қаржының бөлінуіне Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері Ұлықбек Тұмашин пен Ерлан Саировтың тікелей ықпал еткенін ерекше атап өткім келеді. Бүгінде бұл нысан Риддер қаласы мен оған іргелес елді мекен тұрғындарына сапалы әрі қолжетімді медициналық қызмет көрсетуге мүмкіндік береді, — дейді «AMANAT» партиясы Шығыс Қазақстан облыстық филиалы төрағасының міндетін атқарушы Аманбай Нуркенов.

Қазір нысанға қатысты тиісті құжаттарды рәсімдеу жұмысы аяқталуға жақын. Барлық рәсім толық аяқталған соң көпсалалы аурухана кешені тұрғындарға медициналық көмек көрсете бастайды.



РУХАНИЯТ

6 ҚАҢТАР 2026 | СЕЙСЕНБІ

Биыл қазақ әдебиеттануындағы абайтану мектебінің іргетасын қалаған көрнекті ғалым, жазушы әрі драматург Қайым Мұкамедханұлының туғанына 110 жыл толды. 5 қаңтарда атап өтілген бұл айтулы дата — қазақ руханиятының мерейлі белесі. Ғалым Абай шығармашылығын ғылыми айналымға түсіріп, ақын шәкірттерінің мұрасын түгендеп, қазақ руханиятының тұтас бір саласын жана деңгейге көтерді. Еліміздің тәуелсіздік жылдарында мәдени құндылықтарымызды сақтауға бағытталған табанды еңбегімен көзге түсіп, еліміздің рухани қазынасын түгендеуге өлшеусіз үлес қосқан тұлға.

Талғат Мұсабаев — тәуелсіз Қазақстанның ғарыштық держава ретінде танылуына жол ашқан тұлға, Халық Қаһарманы. Ол 1951 жылы 7 қаңтарда дүниеге келген. Талғат Мұсабаев халықаралық ғарыш кеңістігіне үш мәрте сапар шегіп, жүздеген тәулік орбитада болды. Ғылым мен инженерия саласын дамытуға, отандық ғарыш технологияларының қалыптасуына елеулі үлес қосқан тұлғаның туғанына биыл 75 жыл толады.

Қазақ поэзиясының эстетикалық өрісін кеңейтіп, ұлттық әдебиетті жаңа белеске көтерген Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығының орны ерекше. Ақынның лирикалық өлеңдері өмір, махаббат, адам жанының терең күйзелісі мен қуанышын шынайы бейнеледі. 9 ақпанда Мұқағали Мақатаевтың туғанына 95 жыл толады. Миллиондаған оқырманның көңілін тербеген оның ішкі иірімдерге толы поэзиясы қазақ сөз өнерінің мәңгілік құндылықтарының біріне айналды.

10 ақпан — саз өнерінде өзіндік мектебін қалыптастырған композитор Кенес Дүйсекевтің туған күні. Биыл — композитордың туғанына 80 жыл. Ол өрнегі бөлек әндері арқылы қазақ эстрадасын жаңғыртып, көптеген өнер жұлдыздарының шығармашылығына жол ашқан қайраткер. Оның шығармаларында ұлттық сезім мен заманауи музыкалық ізденіс үйлесім тауып, кең аудиторияның рухани қазынасына айналды.

Меруерт Өтекешованың да айтулы мерекесі. Ақтриса 75 жасқа толады. 1951 жылы 25 ақпанда өмірге келген өнер иесі қазақ киносы мен театрында айшықты образдар жасап, халықтың ыстық ықыласына бөленді. Қазақтың Қыз Жібегіне айналды. Сахналық мәдениеті мен кәсіби шеберлігі бірнеше буын көрерменге ұмытылмас әсер қалдырды.

Қазақ поэзиясының абыз тұлғасы Жамбыл Жабаев та ұлттық руханият кеңістігінде биікте тұр. Айтыс өнері мен жыр ауылдық поэзияның дәстүрлі арнасын кеңейткен Жамбыл Жабаев өз заманының тынысын, халықтың мұратын, қоғамның күрделі кезеңдерін поэтикалық қуатпен бедерледі. Ұстазы Сүйінбай Аронұлының дәстүрін жалғастырып, жыр ауылдық мектепті жана деңгейге көтерді. Биыл жалынды жыршының туғанына 28 ақпанда 180 жыл толады.

Ұлттық саяси ой тарихында айрықша орын алатын тұлғаның бірі — Әлихан Бөкейхан. Алаш қозғалысының көсемі, Алаш Орда үкіметінің жетекшісі, энциклопедист ғалым әрі публицист қазақ қоғамын жаңғырту, ұлттық мемлекеттілік идеясын қалыптастыру жолында күрескен тұлғаның биыл 5 наурызда 160 жылдығы аталып өтеді. Ол саяси, ғылыми және экономикалық ой-өрістің дамуына өлшеусіз үлес қосты. Әлихан мұрасы — тәуелсіздік идеясының мәңгілік рухани тұғыры.

Қазақ кино өнерінің көрнекті режиссері, кинодраматург әрі жазушы Сатыбалды Нарымбетов те ұлттық мәдениеттің көркемдік көкжиегін кеңейткен тұлғалардың бірі саналады. 7 наурызда кинодраматургтың туғанына 80 жыл толады. Ол «Мұстафа Шоқай», «Көзімнің қарасы» секілді фильмдері арқылы ұлттық тарих пен адам болмысының терең психологиялық табиғатын зерделей білді. Оның шығармашылығы қазақ киносының көркем деңгейін жаңа белеске көтерген мәдени құбылыс ретінде бағаланады.

8 наурызда ұлттық музыка өнерінің алтын қорында есімі ерекше құрметпен аталатын тұлғалардың бірі Манарбек Ержановтың 125 жылдық мерейтойы аталып өтеді. Ол — қазақ ән өнерінің шоқтығы биік майталманы, актер, композитор, күйші, халық әртісі. Оның қоныр даусы мен сахналық шеберлігі ұлт музыкасына жаңа тыныс сыйлап, халық мұрасын кеңінен танытты. Манарбектің орындаушылық мәдениеті бүгінде қазақ өнерінің алтын қорына енген.

Тәуелсіздік тарихындағы тағдырлы есімдердің бірі — Қайрат Рысқұлбеков. Ол 1966 жылы 13 наурызда Жамбыл облысында дүниеге келген. 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінің символына айналған Қайрат Рысқұлбековтің туғанына 60 жыл толады. Қысқа ғұмырында көрсеткен батылдығы мен азаматтық ерлігі қазақ жастарының тәуелсіздікке деген жігерін оятқан тарихи оқиға ретінде есте қалды.

Қазақ мәдениеті мен өнерінің тарихында дара қолтанбасымен қалған тұлғалардың шығармашылық мұрасы — ұлт руханиятының биік белесі. Солардың қатарында Мәкілқожа Құланбаев та бар. Кино және театр өнерінің сарабалда актері, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген әртісі ретінде ол ұлттық сахна өнерінің дамуына айрықша серпін берді. 22 наурызда Құланбаевтың ғасыр тойы, яғни туғанына 100 жыл толады. Табиғи талант пен кәсіби шыңдалудың үйлесімі Құланбаевты қазақ мәдениетінің көрнекті өкіліне айналдырды.



2026 жыл Қазақстан мен әлем өркениетіне өлшеусіз үлес қосқан ұлы тұлғалардың, өнер мен ғылым, мемлекет және қоғам қайраткерлерінің айтулы мерейтойлары және өткен тарихи оқиғаларға мән беріп, бағалаудың маңызды кезеңі болмақ. Биыл, расында – мерейтойлар жылы. Олардың арасында ұлттың дамуына ерекше үлес қосқан қайраткерлеріміз де бар.



Қаршыға Ахмедияров — қазақ күйшілік мектебінің көрнекті өкілі. Шығармашылық жолы да ұлттық музыка өнерінде айрықша орын алады. Ол домбыра шебері, Қазақстанның халық әртісі күрделі күйлерді жаңа қырынан дамытып, орындаушылық мәдениетті жаңа деңгейге көтерді. Ол тек өнерде ғана емес, шәкірт тәрбиелеу ісінде де өнеге көрсетіп, қазақ музыкасының өсіп-өркендеуіне зор үлес қосты. Биыл Қаршыға Ахмедияровтың туғанына 25 наурызда 80 жыл толады.

Ұлттық спорт тарихының асқақ символына айналған тұлғалардың бірі — Қажымұқан Мұңайтпасұлы. Биыл Қажымұқан Мұңайтпасұлының туғанына 155 жыл толып отыр. Ол кәсіпқой балуан, әлем ареналарын бағындырды. Тұңғыш кәсіпқой қазақ балуаны ретінде ол ұлттық күш өнерін халықаралық деңгейде танытты. Қажымұқанның ерлігі мен қайсар мінезі халықтық батырлық ұғымның рәмізіне айналып, оның есімі қазақ рухының мызғымас белгісі ретінде сақталды.

Қазақ лирикасына жаңа тыныс әкелген ақындардың бірі — Шөмішбай Сариев. 1946 жылы 15 сәуірде дүниеге келген. Биыл — ақынның 80 жылдығы. Шөмішбай Сариевтің нәзік мұң мен сырға толы жырлары терең лирикалық оймен астасып, сөз өнерінің көркемдік әлемін байытты. Еңбек сіңірген қайраткер ретінде ол ұлттық поэзияда философиялық толғаныс пен жан жылуын тоғыстырған ерекше поэтикалық өрнек қалыптастырды.

Қабдеш Жұмаділов — қазақ әдебиетінің көрнекті классигі. Ұлттық прозаның өрісін кеңейткен қаламгерлердің бірі. Тарихи романдар арқылы ұлт тағдыры мен елдік болмысты, шекараның арғы-бергі бетіндегі қазақтың өмірі мен күрделі кезеңдерін тереңнен суреттеді. Оның әдеби мұрасы қазақ прозасының ең биік



жетістіктерінің бірі ретінде бағаланады. Биыл халық жазушысының 90 жылдығы атап өтіледі.

Биыл патриоттық рух пен нәзік лиризмді ұштастырған ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты — Күләш Ахметованың 80 жылдығы. 1946 жылы 25 сәуірде дүниеге келген. Оның ұлттық мінезді айқын көрсететін жырлары бірнеше буын оқырманға шабыт сыйлап, рухани дем беріп келеді.

Қазақ мәдениеті мен ұлттық руханиятында терең із қалдырған тұлғалардың өмір жолы мен шығармашылық мұрасы — ел тарихының айнасы. Солардың бірі — 1916 жылы 25 сәуірде дүниеге келген Кәукен Кенжетәев. Әнші, актер, режиссер ретінде ол қазақ театр және кино өнерінің дамуына өлшеусіз үлес қосты. Кенжетәевтың орындаушылық мәдениеті мен сахналық келбеті ұлт өнерінің тарихында айрықша орын алады. Биыл актердің 110 жылдық мерейтойы. Сахнадағы табиғи болмысы, драмалық әрі музыкалық рөлдерді бірдей меңгерген кәсіби шеберлігі оның өнер санлағы дәрежесіне көтерілуіне себеп болды.

Мерейлі күндер
МӘРТЕБЕСІ

29 сәуірде Ахмет Жұбановтың туғанына 120 жыл толады. 1906 жылы Ақтөбе облысы Темір ауданында дүниеге келген. Ұлттық музыка өнерінің іргесін қалаушылардың бірі, көрнекті ғалым, композитор және дирижер. Ол қазақ музыкасын ғылыми жүйеге түсіріп, Абай атындағы опера және балет театрының, Құрманғазы атындағы халық аспаптары оркестрінің дамуына үлкен үлес қосты.

Биыл қазақтың қобыз өнерін кәсіби деңгейге көтеріп, орындаушылық мектебін қалыптастырған көрнекті қобызшы, халық әртісі Фатима Балғасваның туғанына — 100

жылы. Оның 1906 жылы Ақтөбе облысы Темір ауданында дүниеге келген. Ұлттық музыка өнерінің іргесін қалаушылардың бірі, көрнекті ғалым, композитор және дирижер. Ол қазақ музыкасын ғылыми жүйеге түсіріп, Абай атындағы опера және балет театрының, Құрманғазы атындағы халық аспаптары оркестрінің дамуына үлкен үлес қосты.

Қазақ опера өнерінің әлемдік деңгейде танылған жұлдызы, КСРО және Қазақстанның халық әртісі Ермек Серкебаевтың туғанына — 100 жыл. Оның барқыт дауысы, мінсіз вокалдық техникасы мен сахналық мәдениеті қазақ музыкасын жаңа биікке көтерді. Серкебаевтың өнері — ұлттық опера мектебінің қалыптасуына жол ашқан, ұлт мәдениетінде өшпес із қалдырған дара мұра.

17 шілде Латиф Хамидидің туғанына 120 жыл толмақ. Қазақ музыкасының дамуына өлшеусіз үлес қосқан композитор, педагог, халық әртісі. «Менің Қазақстаным» әнұранының авторларының бірі ретінде ол ұлттық рухты аскактатып, музыкалық мұрамыздың алтын қорын жасақтады. Хамидидің шығармашылығы мен ұстаздық еңбегі бірнеше буын музыканттың қалыптасуына ықпал етті.

Қазақтың тұңғыш ғарышкері, Қазақстанның Халық Қаһарманы Токтар Әубәкіров биыл 80 жасқа толады. Ол 1946 жылы Қарағанды облысында дүниеге келген. Ол өз ерлігімен, қайсар мінезімен және кәсіби біліктілігімен тәуелсіз Қазақстанды ғарыштық держава ретінде танытып, ұлттық ғылым мен авиация саласының дамуына зор серпін берді.

Сахи Романов — Қазақстан бейнелеу өнерінің көрнекті өкілі, халық суретшісі,

Тәуелсіздік тарихындағы тағдырлы есімдердің бірі – Қайрат Рысқұлбеков. Ол 1966 жылы 13 наурызда Жамбыл облысында дүниеге келген. 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінің символына айналған Қайрат Рысқұлбековтің туғанына 60 жыл толады. Қысқа ғұмырында көрсеткен батылдығы мен азаматтық ерлігі қазақ жастарының тәуелсіздікке деген жігерін оятқан тарихи оқиға ретінде есте қалды.

жыл. Ол ұстаздық жолында көптеген талантты шәкірт тәрбиелеп, ұлттық музыканың дамуына елеулі ықпал етті. Оның өнері — абыздың сырлы үні мен дәстүрін жаңғыртқан алтын арқау.

Жазушы, композитор, өнер зерттеушісі Ілия Жақанов 6 мамырда 90 жасқа толады. Ол — қазақ музыкасының тарихын зерделеген ірі тұлға. Оның зерттеулері мен әншілік мұрасы ұлттық өнердің биіктеуіне жол ашты. «Екі жұлдыз», «Әсел», «Жайлау-көл кештері» секілді туындылары халық жүрегінен мықтап орын алған.

Жассылық Үшкөмпіров — грек-рим күресінен олимпиада чемпионы, қазақ спортын әлемге танытқан данқты палуан. 6 мамырда палуанның 75 жылдығы атап өтіледі. Спорт санлағы өзінің еңбекқорлығы, табандылығы мен жеңіске деген жігері арқылы талай буын спортшыларға үлгі бола білді. Үшкөмпіровтің есімі спорт тарихында алтын әріппен жазылған қайсар тұлға ретінде қадірленеді.

Олжас Сүлейменов — ақын, қоғам қайраткері, түркітанушы және халықаралық деңгейде танылған ойшыл. 1936 жылы 18 мамырда туған. Биыл — 90 жылдық мерейтойы. «Аз и Я» еңбегі мен поэзиялық туын-

дылары арқылы ұлттық тарих пен мәдениетті жаңаша түсінуге жол ашты. Оның қоғамдық белсенділігі мен рухани көшбасшылығы қазақ зиялыларының алдыңғы қатарлы өкілдерінің бірі ретінде бағалануына себеп болды.

Мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым, этнограф, ұлттық мәдени мұраны қайта жаңғырту ісінің көшбасшысы — Өзбекәлі Жәнібеков. Ол тарихи жәдігерлерді сақтап, қиелеу, ұлттық салт-дәстүрді жандандыру бағытында үлкен еңбек атқарды. Жәнібековтің қызметі қазақ руханияты мен мәдениетінің жанару дәуірінің негізін қалаған ерекше феномен саналады. Биыл көрнекті қоғам және мемлекет қайраткерінің туғанына 95 жыл толады.

2 қазанда Абдолла Қарсақбаевтың туғанына 100 жыл толады. Қазақ киносының алтын қорын қалыптастырған көрнекті режиссер, «Менің атым — Қожа» секілді ұлт мәдениетінің асыл мұрасына айналған фильмдердің авторы. Оның шығармалары қазақ баласының рухани әлемін, адамдық қасиеттерін терең ашып, ұлттық кинематографияның көркемдік деңгейін айқындады.

Биыл Сайын Мұратбековтің туғанына — 90 жыл. Ол 1936 жылы Алматы

облысының Қапал ауданындағы Қоныр ауылында туған. Халыққа жақын лирикалық прозасымен танылған жазушы, аудармашы, еңбек сіңірген қайраткер. Оның адам жанының терең қатпарларын аша білетін әңгімелері мен хикаяттары қазақ әдебиетіне ерекше нәзіктік пен көркемдік серпін әкелді. Шынайылыққатолы кейіпкерлері арқылы ол қазақ прозасының ұлттық болмысын айшықтап, әдебиеттің сүйікті классигіне айналды.

Қазақ даласындағы алғашқы мектептердің негізін қалаған ағартушы, педагог, жазушы, этнограф әрі фольклортанушы Ыбырай Алтынсарин білімді халықтың болашаққа апарар басты күш деп танып, жаңа оқу жүйесін енгізді, оқулықтар жазып, балалар әдебиетінің іргесін қалады. Алтынсариннің ағартушылық мұрасы — ұлтты өркениетке жетелеген жарық жол. Биыл ағартушының 185 жылдығы тойланады.

Жақып Ақбаев — қоғам қайраткері, заңгер және Алаш қозғалысының белсенді мүшесі. Ол қазақ халқының құқықтық санасын дамытуға, отарлық қысым жағдайында әділдік пен бостандық идеясын қорғауға



барын салды. 7 қарашада туғанына 150 жыл толады. Күрескердің өмір жолы ұлттық құқықтық ойдың қалыптасуындағы тарихи кезеңнің айқын белгісі ретінде есте қалды.

Манаш Қозыбаев — Қазақстандағы ғылыми тарихнаманың негізін қалаған көрнекті тарихшы, профессор, академик. Биыл туғанына 95 жыл. Ғалым XX ғасырдағы қазақ тарихын терең зерттеп, ұлттық сананың жаңғыруына елеулі үлес қосты. Оның еңбектері бүгінгі зерттеушілер үшін қымбат қазына іспеттес.

Қазақ фольклортану ғылымының іргетасын қалаған көрнекті этнограф, фольклоршы Әубәкір Ахметжанұлы ел ішіндегі жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтелдер мен жыр үлгілерін жүйелеп жинап, халық шығармашылығын ғылыми айналымға енгізді. 19 желтоқсанда 170 жылдық мерейтойы аталып өтеді. Ол қазақ этнографиясының дамуына өлшеусіз үлес қосты және ұлттың рухани жады мен өлеңін болмысын сақтау ісінде ерекше маңызға ие болды.

Әбікен Бектұров — техника ғылымдарының докторы, профессор, ҰҒА академигі, химия саласындағы көрнекті ғалым. 1901 жылы 25 желтоқсанда Баянауылда туған. Ол Қазақстандағы химиялық зерттеулердің ғылыми негізін қалыптастырып, өндірістік технологияларды жетілдіру бағытында іргелі еңбектер жазды. Оның шығармашылық жолы елдің ғылыми дамуына айрықша серпін берді. Ғалымның туғанына — биыл 125 жыл.

Сондай-ақ биылғы жылы атап өтілетін мерекелік күндердің де орны бөлек. Мәселен, биыл Семей ядролық сынақ полигонының жабылғанына 35 жыл толады. Бұл тарихи шешім 1991 жылы қабылданып, Қазақстанның ядролық қарусыздану жолындағы батыл қадамы болып, әлемдік қауіпсіздікке елеулі үлес қосты. Полигонның жабылуы қазақ халқының ұзақ жылдар бойғы қасіретіне нүкте қойып, жаһандық бейбітшілікке бағытталған жаңа кезеңнің басталуына жол ашты.

1991 жылы 10 желтоқсанда Қазақ КСР атауы Қазақстан Республикасы болып өзгертілген еді. Бұл тарихи өзгерістің болғанына 35 жыл толады. Бұл шешім елдің саяси егемендігі мен ұлттық мемлекеттілігінің жаңаша қалыптасуын айқындаған маңызды кезең еді. Мемлекет атауының өзгеруі тәуелсіздікке бет алған жаңа тарихи дәуірдің символы болды.

1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына 40 жыл толады. Қазақ жастарының әділдік пен ұлт намысын қорғау жолындағы бұл көтеріліс ел тарихында азаттыққа бастар рухты оятқан оқиға ретінде есте қалды. Желтоқсан тәуелсіздікке жеткізген қайсарлықтың және ұлттық жігердің айқын көрінісі болып саналады.

16 желтоқсанда тағы бір айтулы дата бар. Ол — Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің жариялануы. Бұл тарихи шешімнің қабылданғанына да 35 жыл толады. Бұл күннің мәні бөлек: Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде тарих сахнасына шыққан күн. Бұл — елдің саяси еркіндікке қол жеткізіп, халықаралық қауымдастыққа дербес мемлекет ретінде мойындалған тарихи белесі.

Қазақ үшін бұл мерейлі жылдардың мәртебесі де айрықша. Есте қаларлық еңбегімен елге үлге болған жандардың мерекесін атап өту де жұртшылық үшін мәні де, маңызы да зор.

Айна ХАСАН,
Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

ДОДА

6 ҚАҢТАР 2026 | СЕЙСЕНБІ



АТОЙ САЛАР
СӘТ АЛДА

2026жыл спорт әлемінде ерекше қарқынмен басталғалы тұр. Алда жанкүйерлердің жүйкесін ширықтыратын жарыстар, тағдыр шешті кездесулер мен күтпеген нәтижелер көп болмақ. Халықаралық ареналарда бәсеке күшейіп, жарыстар көрігі қыза түспек. Бұл жыл спортшылардың дайындығы мен мінезін ғана емес, жанкүйерлердің төзімі мен сенімін де сынайтын кезеңге айналмақ.

Әсет ҚАЛИ

ӘЛЕМ КӨЗ ТІККЕН ТӨРТ ЖЫЛДЫҚТЫҢ АЛАМАНЫ

Биыл әлем жұртшылығының басты назары Италияның Милан-Кортинада қаласында өтетін XXV қысқы Олимпиада ойындарында болмақ. Себебі төрт жылда бір келетін басты доданың алауы жағылып, ақпан айында бастауын алады. Иә, қысқы Олимпиада әрқашан ыстық естеліктерімен, тарихи жүлделерімен есте қалатыны сөзсіз. Биылғы Олимпиаданың басты ерекшелігі — жарыстың бірнеше қалада өткізілуінде. Олардың ішінде Миланда орналасқан Ломбардия, Венето және Трентино өңірі, оның ішінде Кортина-д'Ампеццо, Вальтеллина және Валь-ди-Фьемме бар. Ашылу салтанаты екі қалада, яғни Милан мен Кортина-д'Ампеццода қатар өтеді. Спортшылар шеруі де екі аймақта бір мезетте өтіп, екі Олимпиада алауы жағылады.

Ойындарда 116 олимпиадалық және 79 паралимпиадалық медаль жиынтығы сарапка салынады. Барлық классикалық қысқы спорт түрлері ұсынылады. Оларды атап өтсек: тау шаңғысы, шаңғы жарысы, биатлон, конькимен жүгіру, шорт-трек, мәнерлеп сырғанау, шайбалы хоккей, сноуборд, фристайл, бобслей, шана спорты. Бұл доданың тағы бір жаңалығы алғаш рет ски-альпинизм жарысы да бұл тізімнен орын тапты.

Шыны керек, соңғы қысқы Олимпиада ойындарында бағымыздың жанбай жүргеніне тарих куә. Мәселен, Пекинде өткен додада жүлдесіз қайтқанымыз бар. Одан қалса, Ресей мен Корея елдерінде өткен төрт жылдықтың басты бәсекесінде тек бір-бір қоланы місе тұтқанымызды ұмытпауымыз керек. Биыл Италияға елімізден 35 спортшы ат басын бұрмақ. Ендігі медалыдан үміт күттіретіндер қатарында шорт-тректен ерлерден Денис Никиша мен Абзал Әжғалиев болса, әйелдерден Ольга Тихонова мен Яна Хан бар. Сонымен қатар мәнерлеп сырғанаудан

Михаил Шайдоров пен София Самоделкинаға және фристайл шаңғысынан Анастасия Городько мен Юлия Галышеваға үлкен үміт артылып отыр. Иә, бұл спортшылар өткен жылы түрлі халықаралық жарыста өз жетістігімен ерекше көзге түскен болатұғын. Қайткен күнде де, алтыннан алқа тағатынына сеніміміз мол.

Спорт және туризм министрінің айтуынша, 2026 жылғы Олимпиада ойындарының дайындығына 13 миллиард теңге бөлінген екен. Ендеше сол қаражатты ақтайтын сәт те туған сияқты.

ҚАЗАҚ БОКСЫНЫҢ БИІК БЕЖЕСІ

Быылғы жыл қазақ боксы үшін табысты жылдардың бірі болды. Неге десеніз, сандақтарымыз әлем чемпионаттарында 10 алтын медаль, Әлемдік бокс федерациясынан бірыңғай турнир титулы және спорттың ең үздік чемпиондары мәртебесі атағын алды. Биылғы әлем чемпионаты жоспарланбаған, алайда алда Азия чемпионаты күтіп тұр. Дода осы жылдың наурыз айында Моңғолия мемлекетінде өтпек.

Команда құрамы мен іріктеу әдісі әлі жарияланған жоқ, бірақ елдің ең үздік өкілдері, соның ішінде қазіргі әлем чемпиондары Моңғолияға баруы мүмкін. Турнирге дайындық қазіргі өзінде басталды.

ҚҰРЛЫҚАРАЛЫҚ БӘСЕКЕ

Биыл мезгілді доллар жинақталған жыл болады. Қысқы Олимпиадамен қоса, жаздығүні Азия ойындары да өз жалғасын таппақ. XX жазғы Азия ойындары биылғы жылдың 19 қыркүйегі мен 4 қазаны аралығында Жапонияның Айчи префектурасы мен Нагоя қаласында өтеді. Іс-шарада 41 спорт түрі, соның ішінде олимпиадалық және брейкинг, киберспорт және MMA сияқты жаңа дисциплиналар қамтылған. Қазақстан 30 спорт түрінен 500-ден астам спортшыны жіберуді жоспарлап отыр.

Қазір Азия ойындарындағы кейбір спорт түрлері бойынша бәсекелестіктің күштілігі соншалық, Олимпиада ойын-



Елар ҚАБА (солжа)

Ойындарда 116 олимпиадалық және 79 паралимпиадалық медаль жиынтығы сарапка салынады. Барлық классикалық қысқы спорт түрлері ұсынылады. Оларды атап өтсек: тау шаңғысы, шаңғы жарысы, биатлон, конькимен жүгіру, шорт-трек, мәнерлеп сырғанау, шайбалы хоккей, сноуборд, фристайл, бобслей, шана спорты. Бұл доданың тағы бір жаңалығы алғаш рет ски-альпинизм жарысы да бұл тізімнен орын тапты.

UFC: ШАВКАТ ОРАЛАДЫ

Қазақстандық жанкүйерлер 2024 жылдың желтоқсанынан бері жекпе-жек өткізбеген Шавкат Рахмоновтың октагонға қайта оралуын асыға күтуде. Жарақатына байланысты 2025 жылды өткізіп алған қазақстандық файтер 2026 жылы UFC-де өзін қайта дәлелдеуге ниетті.

Қазір Шавкат жартылай орта салмақта UFC рейтингінде екінші орында тұр. Бұл

АЛА ДОП БӘЙГЕСІ

Осы жылдың тағы бір атышулы додалардың бірі футболдан әлем чем-

пионаты болмақ. Бүкіл әлем көз тіге қарайтын мундиальға тарихта алғаш рет 48 ұлттық құрама қатысады. Өкінішке қарай, бізден құрама болмайды.

Турнирді әйгілі жұлдыздармен сапталған Франция, Испания, Португалия, Бразилия және Аргентина сияқты құрамаларсыз елестету қиын. Футбол дүлдүлдері Криштиану Роналду мансабындағы ең қалаулы кубокты жеңуге тырысса, ал Лионель Месси әлем чемпионы атағын қорғауға бар күшін салады. Футбол додасы жаздың маусым-шілде айларына жоспарланған. Жарысты Америка, Мексика және Канада мемлекеттері қабылдайды.

Әлем чемпионатының жеңімпаз командасына берілетін бас кубок 26 қаңтарда Алматыға келеді деген сыбыс бар. Ол мегаполисте бірнеше сағат қана болады екен. Түпнұсқа кубокқа қол тигізуге тыйым салынады, себебі оған тек әлем чемпионатының жеңімпаздары (ойыншылар мен жаттықтырушылар) және мемлекет басшылары ғана рұқсат етіледі. Дегенмен кубокпен бірге суретке түсуге рұқсат етіледі.

Әлем кубогы бұған дейін 2018 жылы Алматыға әкелінген болатын. Түпнұсқа кубок туры ФИФА әлем чемпионаты басталмас бұрын ұйымдастырылып, алты құрлықтағы 50 елді қамтиды.

Салмағы 6,142 келі болатын түпнұсқа, таза алтын кубок Цюрихтегі ФИФА мұражайынан тек екі рет шығады: әлем чемпионаты туры кезінде және әлем чемпионатының өзінде. Биылғы әлем чемпионатында кімнің жұлдызы жанар екен? Оны уақыт көрсетеді.

көрсеткіш оның алдағы уақытта бұрынғы чемпион Джек Делла Маддаленамен немесе қарқыны қатты, жұлдызы жаңа жанып келе жатқан Майкл Моралеспен жекпе-жек өткізуіне жол ашуы мүмкін. Қай қарсылас таңдалса да, бұл титулдық айқасқа апарар шешуші қадам болмақ.

Ал MMA-дегі 2026 жылдың ең ірі оқиғаларының бірі — Асу Алмабаевтың келесі жекпе-жегі. Қазақстандық спортшы 28 ақпанда салмақ дәрежесінде бесінші орында тұрған экс-чемпион Брэндон Мореномен кездеседі. Қазір Алмабаев өз дивизионында жетінші орында тұр, ал бұл жекпе-жек оның чемпиондық арманын айқындайтын маңызды белес болмақ.

Сонымен қатар UFC-де Әліби Идристің дебюті де жанкүйерлердің ерекше қызығушылығын тудырып отыр. Диар Нұрғожай, Николай Веретенников және Бекзат Алмахан да 2026 жылы әлемдегі ең беделді MMA лигасында өнер көрсетеді деп күтілуде. Қазірдің өзінде UFC-де Қазақстаннан алты бірдей белсенді жауынгер бар.

Кәсіби бокста жағдай біршама күрделі. Орта салмақтағы әлем чемпионы Жәнібек Әлімханұлының тағдыры В сынамастың нәтижесіне тікелей байланысты. Егер 8 қаңтарда мельдоний қолданғаны дәлелденсе, қазақстандық боксшы чемпиондық титулынан айырылып, бірнеше айға жарыстардан шеттетілуі мүмкін. Бұл жағдай отандық бокстың халықаралық беделіне де әсер етпек.

Дегенмен жағымды жаңалықтар да бар. Қазақстанның соңғы Олимпиада чемпионы Данияр Елеусінов наурыз айында рингке қайта оралады деп күтілуде. Оның жекпе-жегі Дана Уайт бастамашы

болған жаңа кәсіби бокс лигасының алғашқы турнирлерінің бірінде, АҚШ аумағында өтуі мүмкін.

«ҮЛКЕН ДУЛҒАҒА» ҮЛКЕН ҮМІТ БАР

Тенниске қазақстандық спортшылар жаңа маусымды қаңтардың ортасында бастайды. Елена Рыбакина, Александр Бублик және ұлттық құрама өкілдері жылдың алғашқы ірі додасы Аустралия ашық чемпионатында бақ сынайды.

2026 жылы тенниссүйер қауымды тағы үш «Үлкен дулыға» турнирі күтіп тұр. Бұл турнирлерде қазақстандық теннисшілердің әрбір ойыны ел жанкүйерлерінің жіті назарында болмақ.

Жалпы алғанда, 2026 жыл спорттағы тартыс пен интригаға толы болатыны анық. Жарыстардың нәтижесі тек жеңіс пен жеңіліс арқылы өлшенбей, спорттың қоғамдағы орнын, елдің халықаралық беделін айқындайтын маңызды көрсеткішке айналады. Жанкүйерлер үшін бұл жыл эмоцияға, үмітке толы маусым болып есте қалмақ.

Газетіміздің келесі саны 10 қаңтарда жарық көреді.



АIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Албал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербәкіт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Бәни ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4687

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Кілемі үш компьютерлік беттен астам материалдар қабылданылмайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор –
Тілегүл ЕСДӨУЛЕТ,
Кәмила ДҮЙСЕН